Алатау
Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады
№ 32 (1295)
21.08.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖАҢА 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ 131,5 МЫҢНАН АСАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ 12,8 МЫҢ. ОБЛЫС КОЛЛЕДЖДЕРІНЕ 4,5 МЫҢ СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАУ ЖОСПАРЛАНУДА. ӨҢІРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ТОЛЫҚ ДАЙЫН, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда. Облыстағы барлық білім беру ұйымдарында орнатылған 19 200-ге жуық цифрлық бейнекамера Жедел басқару орталығына қосылған. Сонымен қатар «Дабыл түймелері» орнатылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөлімдеріне толықтай қосылған. 209 білім беру ұйымы 352 штат бірлікте арнайы мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 228 білім беру мекемесінің жанына жасанды жол кедергілері, 132 мектептің маңына балалар макеттері және 259 мектептің аумағына жылдамдықты шектеу белгілері орнатылды.

– Биыл жаңа оқулықтарды сатып алу, қосымша оқулықтар мен көркем әдебиетті толықтыру мақсатында 14 баспамен 85 келісімшарт жасалды. Жергілікті бюджет есебінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуға 1,7 млрд. теңге, материалдық-техникалық базаны жаңартуға 2,5 млрд. теңге бөлінді. Облыста барлық 314 мектеп интернет желісіне толық қосылған. Жалпы білім беру қорынан 25 704 әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларына мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға жергілікті бюджет есебінен, ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды. Биыл тегін ыстық тамақпен қамтуға жергілікті бюджеттен 6,9 млрд. теңге бөлінді, - деді облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов.



Облыста 84 елді мекеннен 1 816 оқушы тасымалданады. Қазан айында жергілікті бюджет есебінен 10 микроавтобус сатып алынады.

Атап өтсек, өңірде апаттық және үш ауысымдық мектеп жоқ. Биыл 5 жаңа білім беру нысанының құрылысы Арнайы мемлекеттік қордан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан және жергілікті бюджет есебінен жүргізілуде. Оның 4-еуі биыл аяқталады, атап айтқанда 3-еуі жаңа оқу жылына дейін қолданысқа беріледі. Сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен 3 мектеп күрделі жөнделуде - 2 нысан жаңа оқу жылы басталғанға дейін, 1 мектеп жыл соңына дейін аяқталады.



Өңірде студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілген. 21 мемлекеттік колледждің және І. Жансүгіров атындағы университеттің жатақханаларында 5 391 орын бар. Барлық жатақханалар бейнебақылау, дабыл түймелері, өрт қауіпсіздігі жүйелерімен және мамандандырылған күзетпен толық қамтамасыз етілген.



Фотограф: Дмитрий Ерофеев, Жұмабай Мұсабеков

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:
редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.
«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.
«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:
через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.
через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.
через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534



alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 32 (1295) 21.08.2026 Алатау

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

«TAZA POST – АЛАКӨЛ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында Алакөл көлі жағалауында тазалық шарасы өткізілді. Ақши ауылындағы көл жағалауында ұйымдастырылған «Taza Post – Алакөл» экологиялық акциясына жалпы саны 100-ге жуық адам қатысып, тазалық жұмыстары барысында аумақтан 1,2 тонна қоқыс шығарылды.

Акция барысында арнайы нүкте ұйымдастырылып, демалушыларға экологиялық бокс түрінде қоқыс жинауға арналған қолғаптар мен қаптар ұсынылды, сол сияқты балалар үшін шағын сыйлықтар да қарастырылды. Алакөл көлінің жағалауы мен оған іргелес аумақтардағы шашылған тұрмыстық қалдықтарды жинап, тазалау жұмыстарына демалушылар да атсалысты.

Акцияны ұйымдастырушы «Jetisu jastary» КММ өкілдерінің айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – Алакөл көлінің табиғи тазалығын сақтау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру және демалушыларды табиғатты қорғауға бағытталған нақты іске тарту.

«MISS TALDYQORGAN – 2026»

Дәстүрлі сұлулық додасына биыл 20-дан астам бойжеткен қатысуға ниет білдірген. Іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен 13 ару ақтық сынға жолдама алып, сахна төрінде бақ сынады.

Финал барысында қатысушылар көркімен ғана емес, сахна мәдениеті, шығармашылық қабілеті, таланты мен білімін ұштастыра отырып, өздерін жан-жақты таныстырды. Әр кезеңде арулар өнерлерін ортаға салып, көрермен көзайымына айналды.

Байқаудың арнайы қонағы ретінде «MISS KAZAKHSTAN» сұлулық байқауының өкілі Алима Тулейбаева Талдықорғанға арнайы келіп, қазылар алқасының құрамында финалистердің өнерін бағалады. Ол байқауға қатысушы аруларға сәттілік тілеп, жылы лебізін білдірді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ақылына көркі сай, әрқайсысы өзіндік ерекшелігімен дараланған финалистер арасынан үздікті анықтау қазылар алқасына оңайға соқпаған. Дегенмен байқау қорытындысы бойынша 20 жастағы Малика Окапова «MISS TALDYQORGAN – 2026» атағының иегері атанды. Жеңімпазға арнайы тәж табысталып, 500 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық берілді.

ҒАСЫРЛЫҚ АТА КӘСІПТІ ЖАЛҒАҒАН ШЕБЕР

Талдықорғанға қарасты Көктал ауылының тұрғыны Өркен Сәйдібекұлы атадан балаға мирас болған ағаш өңдеу өнерін кәсіпке айналдырып келеді. IT саласында білім алған жас кәсіпкер әке жолын жалғап, ұлттық нақыштағы бұйымдар жасайды.

Бүгінде «Шеру» шеберханасында 15 адам тұрақты еңбек етеді. Мұнда ағаштан ыдыстың 10-ға жуық түрі жасалады. Шеберханада 50-ге жуық арнайы қондырғы бар. Шеберлер қайың, тал, терек ағаштарын пайдаланады. Өнімдер еліміздің өңірлеріне жөнелтіліп, Қытай мен Моңғолияға да экспортталуда.

Қазіргі таңда ұлттық нақыштағы қымыз жиынтықтарына сұраныс жоғары. Алдағы уақытта Өркен Сәйдібекұлы өндірісті кеңейтіп, жаңа шеберхана ашуды, сондай-ақ домбыра мен киіз үйдің ағаш бөлшектерін жасауды жоспарлап отыр.

Осылайша, ғасырлық өнерді жалғастырған шебер ұлттық құндылықты дәріптеп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға да үлес қосып келеді.

«TALDYK SUMMER – 2026» ФЕСТИВАЛІНІҢ ЖАБЫЛУ КЕШІ

Талдықорған қаласының тұрғындары мен қала қонақтарын жазғы маусымның ең жарқын шараларының бірі – «TALDYK SUMMER – 2026» фестивалінің жабылу кешіне шақырамыз.

22 тамыз күні сағат 19:00-де қалалық жағажайда өтетін мерекелік кеште көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй, әуезді әндер мен ерекше атмосфера сыйлайтын музыкалық бағдарлама ұсынылады.

Кештің басты хедлайнерлері – Қазақстан эстрадасының танымал жұлдыздары, Жетісу өңірінің мақтанышы, жерлестеріміз Серікбол Сайлаубек пен ӘДЕМІ. Өнерпаздар өздерінің көпшілікке сүйікті әндерін орындап, көрерменге ұмытылмас әсер сыйлайды.

Жаз бойы қала тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған «TALDYK SUMMER – 2026» фестивалі осылайша мазмұнды музыкалық кешпен өз мәресіне жетеді. Жаздың соңғы жарқын кешін бірге өткізіп, әсем әуен мен көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге шақырамыз!

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ЖЕТІСУЛЫҚ КРЕАТОРЛАР 16 МЛН ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІН САТТЫ



Астанада Жетісу облысының креативті индустрия өкілдері өз өнімдерін елорда жұртшылығына таныстырды. 15-16 тамыз күндері Qazaq Creative Hub алаңында Creative Aimaq республикалық жобасы аясында өңірдің креативті индустриялар жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеге Жетісу облысынан 30 креатор қатысып, ұлттық қолөнер, дизайн, өнер, гастрономия және заманауи технологиялар бағытындағы өнімдері мен жобаларын ұсынды. Екі күн ішінде көрмеге 5 мыңға жуық адам келіп, жергілікті шеберлердің шығармашылығына қызығушылық танытты.

Жәрмеңке барысында жетісулық креаторлардың өнімдеріне сұраныс жоғары болды. Нәтижесінде жалпы тікелей сатылым көлемі шамамен 16 млн теңгені құрады.

Атап айтқанда, суретшілердің картиналары 9 млн 975 мың теңгеге сатылса, шеберлердің бұйымдары 3 млн 85 мың теңге көлемінде саудаланған. Ұлттық қолөнер бұйымдарының сатылымы 800 мың теңгені, өзге де өнімдердің сатылымы 961 мың теңгені құрады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай алаңдар өңірдегі креативті индустрия өкілдерінің әлеуетін танытып қана қоймай, олардың өнімдерін жаңа нарықтарға шығаруға мүмкіндік береді. Астана төріндегі жәрмеңке Жетісулық креаторлар үшін өз өнерін кең аудиторияға таныстырып, жаңа тұтынушылар мен серіктестер табуға жол ашты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

Жетісу облысында теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда Үштөбе, Лепсі, Сарыөзек, Бескөл, Жайпақ және Достық станцияларында құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Ал Талдықорған, Көктұма және Ақши вокзалдарындағы жұмыстар толық аяқталған.



Жаңғырту жұмыстарының барысын «ҚТЖ ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Төрегелдин тексерді. Ол Сарыөзек және Үштөбе станцияларына барып, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалу барысымен танысты.

Тексеру нәтижесінде мердігер ұйымдарға бірқатар нақты тапсырма берілді. Атап айтқанда, жұмыс қарқынын жеделдету, құрылыс жұмыстарын екі ауысымда ұйымдастыру, нысандардағы жұмысшылар мен арнайы техниканың санын арттыру және тапсырмалардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ, Талдықорған қаласында Жетісу облысы әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаевпен жұмыс кездесуі өтті. Кездесу барысында вокзалдарды жаңғырту жұмыстарының қазіргі жағдайы, туындаған мәселелер мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау мәселесіне ерекше назар аударылды. Осыған байланысты нысандардағы жұмысшылар мен техниканың санын көбейтіп, құрылыс қарқынын арттыру қажеттігі атап өтілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТАМЫЗ КЕҢЕСІНІҢ СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫСЫ



Мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясы – жаңа оқу жылы қарсаңында өтетін маңызды педагогикалық жиын. Бұл алаңда өткен оқу жылының қорытындысы жасалып, білім беру саласындағы басым міндеттер, жаңа технологиялар, әдістемелік өзгерістер мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары талқыланады.

Талдықорған қаласы білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «САПАЛЫ БІЛІМ, БЕРІК ҚҰНДЫЛЫҚ, ТАБЫСТЫ ТҰЛҒА: ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР» атты облыстық тамыз кеңесінің секциялық отырыстары 17 тамыз №30 мектеп базасында өтті.

Секциялық отырыстарға қала мектептерінен барлық пән мұғалімдері, педагог-ұйымдастырушылар, әлеуметтік педагогтер, педагог-психологтер, логопедтер мен дефектологтер, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ұстаздары, тәрбие саласы бойынша мектеп директорларының орынбасарлары, оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарлары, мектеп директорлары қатысты. Барлығы 629 мұғалім қамтылды.

Секциялық отырыстар барысында ұстаздар бір-бірімен ашық пікір алмасты, өз тәжірибелерімен бөлісті. Әдістемелік әдіс-тәсілдерді ортаға салып, тиімді тәжірибелерін ұсынды. Сонымен қатар, жаңа оқу жылына арналған негізгі мақсаттар мен міндеттердің жобасымен танысты.

Жиын барысында оқу және тәрбие үдерісіне қатысты көптеген маңызды мәселелер қаралып, жаңа оқу жылында атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары талқыланды.

Сембек ӘБДІ-РАХМАН

САЙЛАУ КҮНІ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТЕГІН ҚАТЫНАЙДЫ



23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарын сайлау күні Талдықорған қаласында қоғамдық көлік жолаушылар үшін тегін қызмет көрсетеді.

Қалалық жолаушылар тасымалдаушы ұйымдардың бастамасымен сайлау күні қаладағы барлық қоғамдық көлік бағыттарында жолақы алынбайды. Автобустар таңғы сағат 06:00-ден кешкі 22:00-ге дейін жолаушыларға қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, сайлаушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында саяжай тұрғындары үшін сайлау учаскелеріне қатынайтын арнайы автобус бағыттары ұйымдастырылады.

Тегін жол жүру мүмкіндігі тұрғындардың сайлау учаскелеріне кедергісіз жетіп, азаматтық міндетін атқаруына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. 24 тамыздан бастап қаладағы қоғамдық көлік қалыпты жұмыс режиміне көшеді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

«БАСТЫ ДЕБАТ – 2026»



Құрылтай сайлауы қарсаңында «Хабар» Агенттігіне қарасты «24KZ» телеарнасында «Басты дебат – 2026» қорытынды теледебат өтті. ҚР Орталық сайлау комиссиясының тапсырысы бойынша ұйымдастырылған саяси жоба жеті партия көшбасшысының ұстанымы мен елді дамытуға қатысты ұсыныстарын салыстыруға мүмкіндік берді. Эфир 19:00-дегі арнайы превью-бағдарламадан басталып, заманауи режиссерлік шешімдер мен тікелей байланыстар арқылы ауқымды саяси пікірталасқа ұласты.

Дебатта «Әділет», «Ақ жол», «Қазақстан Халық партиясы», «Ауыл», «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия», «Respublica» және «Baytaq» партияларының көшбасшылары экономика, әлеуметтік саясат, кәсіпкерлік, ауылды дамыту, экология және халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелеріне қатысты ойларын ортаға салды.

Әр партия ел дамуының өз басымдықтарын ұсынып, бірі кәсіпкерлік пен экономикалық өсімге басымдық берсе, енді бірі ауыл халқының табысын арттыру, әлеуметтік әділеттілік пен қоршаған ортаны қорғау мәселелерін алға шығарды.

Азаматтар QR код арқылы партия көшбасшыларына өздерін толғандырған сұрақтарын жолдап, нәтижесінде 59 мыңға жуық сауал түскен. Ең өзекті сұрақтар арнайы раундта көшбасшыларға қойылды. Көрермен теледебаттың толық нұсқасын «24KZ» телеарнасының YouTube арнасынан көре алады.

Дереккөз: baq.kz

ЖЕТІСУДЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Жетісу облысының энергетикалық жүйесі қарқынды дамып келеді. Бүгінде өңірдің белгіленген электр қуаты 333 МВт болса, оның 271 МВт-ы жаңартылатын энергия көздеріне тиесілі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Қазір облыста қуаты 271 МВт болатын 19 жаңартылатын энергия нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 15 ГЭС – 147 МВт, 2 жел электр станциясы – 124 МВт қуат өндіреді. Сонымен қатар екі күн электр станциясы бар.

2028 жылға дейін жалпы қуаты 191 МВт болатын 10 жаңа жобаны іске қосу жоспарланған. Биыл Кербұлақ пен Көксу аудандарындағы ГЭС-тер және Панфилов ауданындағы КЭС іске қосылып, 40,6 МВт жаңа қуат қосылады.

Энергия инфрақұрылымын күшейту мақсатында «Талдықорған – Жаркент» бағытында ұзындығы 217,4 шақырым, кернеуі 220 кВ жоғары кернеулі электр желісі салынады. Сондай-ақ Талдықорған мен Текеліде жалпы қуаты 137 МВт газтурбиналық станциялар кезең-кезеңімен іске қосылады.

Ал ұзақ мерзімді жоспарда Жоңғар қақпасында қуаты 1 ГВт-қа дейін жететін жел электр станциясын салу көзделген. Оның құрылысын келесі жылы бастау жоспарланып отыр.

ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСТЫҒЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Жетісу облысы полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары қызметіне Даурен Сакенов тағайындалды, - деп хабарлайды inform.kz.

Даурен Сакенов ішкі істер органдарындағы қызметін 2007 жылы Ақсу ауданында жедел уәкіл болып бастаған. Осы жылдар ішінде ол қызметтің негізгі сатыларынан өтіп, жедел бөлімшелерде түрлі жауапты лауазымдар атқарды.

Жаңа басшының жедел-қызметтік бағыттағы тәжірибесі мол. Ол ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға бағытталған бірқатар жұмыстарға қатысып, кәсіби білімі мен біліктілігін іс жүзінде көрсетті.

Жаңа қызметінде Даурен Сакенов Жетісу облысындағы қоғамдық тәртіпті нығайтуға, полиция бөлімшелерінің жұмыс тиімділігін арттыруға және өңір тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды жалғастырады.

ЕСКІ КӨЛІГІН ӨТКІЗГЕНДЕР ЖАҢАСЫНА ЖЕҢІЛДІК АЛАДЫ

Қазақстанда ескі автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникаларын кәдеге жарату бағдарламасын қайта іске қосу жоспарланып отыр. Техникасын өткізген азаматтарға отандық өндірістегі жаңа көлік немесе ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдік сертификаты беріледі.



Бағдарлама әзірге іске қосылған жоқ. Қазір «Жасыл даму» операторы қайта өңдеуші кәсіпорындарды іріктеп, олармен келісімшарт жасауға дайындалып жатыр. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін қабылдау пункттерінің тізімі жарияланып, өтінім беруге арналған онлайн сервис іске қосылады.

Көлік үшін ақшалай өтемақы төленбейді. Оның орнына берілетін сертификат бір жыл жарамды болады. Сертификатты басқа адамға беруге болады, алайда мұндай мүмкіндік үш реттен артық қарастырылмаған. Бір автокөлік сатып алуға екі сертификатқа дейін, ал ауыл шаруашылығы техникасына төрт сертификатқа дейін пайдалануға рұқсат етіледі.

Жеңілдіктің нақты мөлшері әзірге жарияланған жоқ. Ол тапсырылатын техниканың санаты мен жағдайына байланысты белгіленеді. Бағдарлама талаптары, қажетті құжаттар мен көлікке қойылатын техникалық шарттар өтінім қабылдау басталғанға дейін толық жарияланады.

Айта кетейік, кәдеге жарату бағдарламасы бұған дейін 2016 жылдан 2022 жылғы қаңтарға дейін жұмыс істеген. Сол кезеңде шамамен 219 мың техника, оның ішінде 215,4 мың автокөлік пен 3,5 мың ауыл шаруашылығы техникасы қайта өңдеуге қабылданған.

Ақпарат көзі: Kursiv.Media

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

БІРҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕЛШІСІНЕН СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президентіне тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің сенім грамоталарын табыстау рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Молдова Республикасының елшісі Игорь Молдован, Вьетнам Социалистік Республикасының елшісі Тхань Ле Нгуен, Корея Республикасының елшісі Ки Хон Чжон, Оңтүстік Африка Республикасының елшісі Лунгисани Доминик Нтомбелла, Словакия Республикасының елшісі Любомир Регак, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Хайке Ренате Пайч, Әзербайжан Республикасының елшісі Алимирзамин Аскеров, Словения Республикасының елшісі Бранко Раковец және Намибия Республикасының елшісі Моника Ндилявике тапсырды.

«ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ» МЕДАЛІ МЕН «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН СУРЕТШІСІ» ҚҰРМЕТІ

Мәдениет пен өнер – ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі. Сондықтан жаңа Ата заңда тәл мәдениетімізді жан-жақты қолдау мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді.

Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматтарға беріледі.

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ТАҒЫ 64 МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУЫ ТИІС

Елімізде білім беру нысандарын салу және жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып жатыр. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жаңа оқу жылында 47 жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Оның 20-сы «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерген. Премьер-министр өңір әкімдіктеріне 1 қыркүйекке дейін жаңа білім ошақтарының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Үкімет басшысы жаңадан салынған мектептерді педагог кадрлармен қамтамасыз ету және олардың оқу-материалдық базасын қалыптастыру мәселесін қазірден шешудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар 1 қыркүйекке дейін еліміздегі 106 мектепте күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын аяқтау міндеті қойылды. Алайда бірқатар білім беру нысандарында жөндеу жұмыстары белгіленген қарқынмен жүріп жатқан жоқ.

Премьер-министрдің айтуынша, 13 мектепте жөндеу жұмыстарының қарқыны баяу. Олардың қатарында Алматы қаласы, Абай, Ақмола, Батыс Қазақстан және басқа да өңірлер бар.

Жалпы, Үкімет білім беру нысандарын уақытылы пайдалануға беріп, оқушы орындарының тапшылығын азайтуды және мектептердің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырып отыр.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЙ ҚАЛАДА БЕНЗИН ҚЫМБАТ?

Қазақстанда жанармай бағасы өңірлерге қарай айтарлықтай ерекшеленеді. 2026 жылғы шілдедегі дерек бойынша, ең қымбат АИ-92 бензині Алматы мен Талдықорған қалаларында сатылған.

Курсив. Медиа мәліметінше, шілде айында Қазақстан бойынша АИ-92 бензинінің орташа бөлшек бағасы литріне 244 теңгені құрады. Ал ең жоғары баға Алматы мен Талдықорғанда тіркеліп, литрі 249 теңгеден сатылған. Семейде АИ-92 бағасы 248 теңге болса, Қонаевта – 247 теңге. Қарағанды мен Қызылордада жанармайдың бұл түрі 246 теңгеден саудаланған.

Ал АИ-92 бензинінің ең төмен бағасы Атырау облысында байқалды. Мұнда бір литр жанармай 228 теңге болған. Оралда баға 230 теңгені, Ақтөбеде 231 теңгені құрады. Шымкент пен Түркістанда АИ-92 бензині 232 теңгеден сатылған. Осылайша, ең қымбат және ең арзан баға арасындағы айырмашылық 21 теңгеге жетіп отыр.

АИ-95/96 бензині бойынша ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласында тіркелді – литрі 324 теңге. Талдықорғанда бұл марканың бағасы 322 теңге болса, Қонаевта 321 теңге болған. Ал ең төмен баға Ақтөбе мен Атырауда байқалып, литрі 291 теңгені құрады. Екі өңір арасындағы айырмашылық 33 теңгеге жетеді.

АИ-98 бензинінің бағасы да өңірлер бойынша әртүрлі. Бұл марканың ең қымбаты Талдықорғанда сатылған – литріне 363 теңге. Алматы мен Қонаевта АИ-98 бағасы 362 теңгеден болды. Ал ең төмен көрсеткіш Семейде тіркеліп, литрі 331 теңгені құрады. Кейбір қалалар бойынша АИ-98 бағасына қатысты статистикалық дерек көрсетілмеген.

ҚОРҒАУШЫ ӨЗІ ЗАҢ БҰЗДЫ

Жетісу облысында Отбасын қолдау орталығының заңгері отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін заң алдында жауап берді.

Қылмыстық істі Қаратал аудандық соты қарағаң. Облыстық прокуратураның мәліметінше, оқиға кезінде сотталған азамат «Жанұя» Отбасын қолдау орталығында заңгер болып қызмет атқарған. Аталған орталық отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетумен айналысады.

Алайда адам құқығын қорғауды кәсіби міндеті санаған маманның өзі жұбайына қатысты зорлық-зомбылық сипатындағы заңсыз әрекетке барған. Сот отырысында Қаратал аудандық прокуратурасының мемлекеттік айыптаушысы оның кінәсін дәлелдеді. Істі жан-жақты қарағаң сот ер адамға 200 сағат қоғамдық жұмыс түрінде жаза тағайындады.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ӨНЕР

КӨКСУДЫҢ ӨНЕРЛІ ӘЖЕЛЕРІ

Ақ жаулықты әжелер қазақ қоғамында қашанда тәрбиенің темірқазығы, отбасының берекесі мен ұрпақтың өнегесі болған. Бүгінде сол дәстүрлі жолды жалғаған әжелер алқасы ұлттық құндылықтарды насихаттап, салт-дәстүрді дәріптеуге, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беруге белсенді атсалысып келеді. Олар тек ақылын айтып, батасын беріп қана қоймай, ұлттық өнерді сахнада жандандырып, халық әндерін әуелетіп, дәстүрлі мәдениетті кейінгі буынға жеткізудің өзіндік мектебін қалыптастырып отыр.



Сәкен Бүрлібаев



Бақтыбала Мұраталинова

Еліміздің әр өңірінде құрылған мұндай қоғамдық және шығармашылық ұжымдардың атқарар жүгі салмақты. Әжелер бас қосқан жерде ұлттық әдет-ғұрыптың мәні айтылып, үлкенге құрмет, кішіге ізет, отбасылық тәрбие мен ел бірлігі секілді құндылықтар кеңінен насихатталады. Ал өнерлі әжелерден құралған ансамбльдер халық әндері мен дәстүрлі шығармаларды орындап, ұлттық нақыштағы кештер мен мәдени шаралардың көркін келтіруде. Әсіресе, ауылдық жерлердегі мәдениет ошақтарында әжелердің белсенділігі ерекше байқалады.

Осыдан 5-6 жыл уақыт бұрын Көксу ауданында әжелер ансамблі құрылып, оның көркемдік жетекшісі Айнагүл Байсақова мен музыкалық жетекшісі Нұри Сүлейменов ағамыз бірталай тер төккен еді. Нұри ағамыз өмірден озған соң ансамбль 1-2 жыл музыкалық жетекшінің жоқтығынан жұмысы тоқтап, қараусыз қалған еді. Сол кезде оның құрамында 25-30 адам болған. Араға уақыт сала жағымды жаңалықтар болып, 2025 жылы музыкант Сәкен Бүрлібаевтің жетекшілігімен ансамбльдің жұмысы қайта жанданды.

Өткен жылдың соңында «Халықтық» атаққа ұсынылған әжелер ансамблін талапқа сай дайындау барысында музыка жетекшісі Сәкен Бүрлібаевтың зор еңбегі болды. Ансамбльді осы жауапты атаққа дайындау жолында ол өнерпаз әжелермен тығыз жұмыс істеп, олардың шеберлігін шыңдауға, репертуарын қалыптастыруға көп күш жұмсады. Нәтижесінде 2025 жылы ансамбльге «Халықтық» деген атақ беріліп, сол жылдың желтоқсан айында ансамбль есеп беру концертін қойды.

Осы есеп беру кешінде Сәкен Бүрлібаевтың мәдениет пен өнер саласына сіңірген еңбегі еленіп, оған «Қазақ мәдениетінің қайраткері» құрметті атағы берілді. Бір өкініштісі, ансамбльдің көркемдік жетекшісі Айнагүл Байсақова кенеттен өмірден өтіп, бұл қуанышқа ортақтаса алмады. Әруағы риза болсын! Айнагүл апайдың да ансамбльдің қалыптасып, биік белестерге жетуіне қосқан өзіндік еңбегі, маңдай тері бар еді.

Бүгінгі күні ансамбльдің көркемдік жетекшісі – Көксу ауданының «Құрметті азаматы», аудандық мәдениет үйінде 40 жыл қызмет атқарған ардагер, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Мұраталинова Бақтыбала Рахметолдақызы. Өнер саласында талай жыл еңбек етіп, мәдениеттің дамуына өзіндік үлесін қосқан Бақтыбала Рахметолдақызы бүгінде ансамбльдің шығармашылық жұмысына жетекшілік етіп келеді. Ал ансамбльді баянмен сүйемелдеуші – Ержан Бекжан.



«Ақкимешек» халықтық әжелер ансамблі

Осындай өнерпаз әжелер бас қосып, Көксу аудандық «Жаңұя" отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру орталығынан орын алып, «Шағала» домбыра ансамблін құрып, өнер жолындағы жаңа бастамаларын бастап кетті. Өнерге деген ықыласы мен домбыраға деген қызығушылығы бір арнаға тоғысқан әжелер аз уақыттың ішінде бірнеше жерде концерт беріп те үлгерген.

Соның ішінде ерекше ескеретіні – «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты концерттік бағдарламасы. 2026 жылғы 5 тамызда Текелі қаласындағы «Қарттар үйінде» өткен бұл концерт қарттардың көңілін бір көтеріп тастады. Өнерлі әжелердің орындауындағы ән-күйлер қариялардың жүрегіне жылу сыйлап, бір сәтке болса да күнделікті өмірдің күйбеңінен арылтып, көңілдеріне қуаныш ұялатты.

Ансамбльдің орындауында Тастановтың «Би күйі», халық күйі «Кеңес» күмбірлеп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Бектемирова Нұрташтың орындауындағы «Досым – досым», «Қолшатыр» әндері де көрерменнің көңілінен шықты. Капкова Софияның орындауындағы татар әндері кештің мазмұнын байытып, түрлі ұлт өнерінің үндестігін көрсетті. Ал Балабекова Аңсабала апайдың орындауындағы «Тойбазар», Әмренова Гүлсара апайдың орындауындағы А. Қоразбаевтың «Елге сәлем», Нұрманбетова Әсият апайдың орындауындағы «Туған өлке» әуендері шарықтап, қарт ата мен әжелердің көңіл күйін көтеріп, бір шаттыққа бөледі.

Өнерпаз әжелердің әрбір орындауына риза болған қарттар ду қол шапалақтап, өздерінің ақжарма тілектері мен алғыстарын білдірді. Концерттің әсерлі болғаны соншалық, кейбір қарттар ортаға шығып, вальс билеп, жастық шақтарын еске алғандай көңіл көтерді. Бір сәтке залдың іші ән мен күйге, күлкі мен қуанышқа толып, қарттардың жүзінен ризашылық пен шаттық анық байқалды.

«Шағала» домбыра ансамблінің жетекшісі Мұхаметқалиев Ержаннан ансамбльдің құрылуы, әжелердің өнерге келуі және алдағы жоспарлары жөнінде сұрақтарымызды да қойдық.

- Ержан мырза, ардагер әжелерден «Шағала» домбырашылар ансамблін ұйымдастырып, құрылысшылардың әжелерді іздестіріп, орталыққа шақырдық. Әрине, жастары келген үлкен кісілерді домбыра аспабына бейімдеп, дайындық жүргізу оңайға түскен жоқ. Себебі домбыраны қайта қолға алып, оны дұрыс меңгеру үшін уақыт пен төзім керек болды. Бір айдай уақыт тек аспапты меңгеру барысында дайындық жүргіздік. Әжелердің әрқайсысы ынта-жігерімен келіп, үйренуге талпынды. Қазір жағдайымыз түзелді. Бұрынғыға қарағанда дыбыстарды да тез қабылдайтын халге жеттік. Бір-бірімізді түсініп, ансамбль болып ойнауға бейімделіп келеміз. Әлі де көптеген жоспарымыз бар. Алдағы уақытта репертуарымызды кеңейтіп, түрлі мәдени шараларға қатысып, өз өнерімізді көпшілікке көрсетсек деген ойымыз бар.

- Осы құрамдағы, сізді қоскандағы, 13 ансамбль мүшесі түгелдей «Аққимешек» әжелер ансамблінің мүшесі ме?

- Осы құрамдағы 13 адамның төртеуі ғана «Аққимешек» ансамблінен. Қалған тоғыз апай жаңадан келген. Орталыққа келіп жүрген басқа да апайлар көп. Бірақ біз домбыра ойнауға икемі бар, дыбысты ажыратып білетін, яғни музыкалық есту қабілеті жақсы апайларды таңдап алдық. Әрине әр адамның қабілеті әртүрлі. Бірі домбыраны тез меңгерсе, енді бірі біраз



«Шағала» домбыра ансамблінің құрамы

Құтты болсын! Бұл істі қалай бастап кеттіңіздер? Әжелердің өнерсүйгіштігін қалай танып білдіңіз?

- Алғашында осы орталыққа келіп жүрген «Аққимешек» халық ансамблінің мүшелері Аңсабала, Қарлығаш, Рашида апайлар ұсыныс жасап, ой салды. Осы ұсыныстан кейін домбыра аспабында ойнай алатын әжелерді іздестіріп, орталыққа шақырдық. Әрине, жастары келген үлкен кісілерді домбыра аспабына бейімдеп, дайындық жүргізу оңайға түскен жоқ. Себебі домбыраны қайта қолға алып, оны дұрыс меңгеру үшін уақыт пен төзім керек болды. Бір айдай уақыт тек аспапты меңгеру барысында дайындық жүргіздік. Әжелердің әрқайсысы ынта-жігерімен келіп, үйренуге талпынды. Қазір жағдайымыз түзелді. Бұрынғыға қарағанда дыбыстарды да тез қабылдайтын халге жеттік. Бір-бірімізді түсініп, ансамбль болып ойнауға бейімделіп келеміз. Әлі де көптеген жоспарымыз бар. Алдағы уақытта репертуарымызды кеңейтіп, түрлі мәдени шараларға қатысып, өз өнерімізді көпшілікке көрсетсек деген ойымыз бар.

- Осы құрамдағы, сізді қоскандағы, 13 ансамбль мүшесі түгелдей «Аққимешек» әжелер ансамблінің мүшесі ме?

- Осы құрамдағы 13 адамның төртеуі ғана «Аққимешек» ансамблінен. Қалған тоғыз апай жаңадан келген. Орталыққа келіп жүрген басқа да апайлар көп. Бірақ біз домбыра ойнауға икемі бар, дыбысты ажыратып білетін, яғни музыкалық есту қабілеті жақсы апайларды таңдап алдық. Әрине әр адамның қабілеті әртүрлі. Бірі домбыраны тез меңгерсе, енді бірі біраз уақыт дайындықты қажет етеді. Дегенмен, барлығының өнерге деген қызығушылығы мен ынтасы жоғары. Сол себепті аз уақыттың ішінде жақсы нәтижеге қол жеткізіп келеміз.

- Бүгінгі әңгімеңізге көп рахмет! Алдағы жоспарларыңыз сәтімен іске асып жатуына тілектеспін.

БІЛІМ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

(Ескелді ауданы, Б. Жолбарысұлы атындағы орта мектеп)


БАҚТЫБАЙ ЖОЛБАРЫСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ТАБИҒАТЫ МЕН СӘН-САЛТАНАТЫ ЖАРАСҚАН БАҚТЫБАЙ (БҰРЫНҒЫ КРУПСКАЯ) АУЫЛЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҚАЗАҚ, ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП. МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ ҚҰРМАНОВА РАУАН ИМАНМҰХАММЕДҚЫЗЫН ЖҰМЫС ОРНЫНАН ТАУЫП, ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ, МЕКТЕПТІҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ МӘЛІМЕТТЕР АЛДЫҚ.



Мектеп ғимараты 1968 жылы 640 орынға арнап салынған, 2012 жылы күрделі жөндеу жұмысы жасалған. Бүгінгі күні ғимаратқа жүргізілген ағымдық жұмыстар толық бітіп, ауласындағы жұмыстар да аяқталуда. Білім ордасының оқу жылына дайындығы барысында қажетті жұмыстардың рет-ретімен атқарылып жатқандығы байқалады. Дегенмен, ауладағы спорт алаңына көбірек көңіл бөлу қажет екендігі көрініп тұр. Күрделі жөндеу кезінде неге спорт алаңы қоршалып, көгалдандырылып, жүгіру жолы жасалынбаған деген сұрақ келді ойыма. Өйткені оқушылардың дене шынықтырумен айналысып, спортқа қызығушылығын арттыруы үшін мектеп ауласындағы спорт алаңының да талапқа сай болуы маңызды ғой.

- Рауан Иманмұхаммедқызы, биылғы жаңа оқу жылында мектепте қанша оқушы білім алады? Оның қаншасы қазақ сыныбында, қаншасы орыс сыныбында оқытылады?

- Биылғы келер оқу жылына 950 бала келеді деп жоспарлануда. Соның ішінде мектепке дейінгі дайындық тобының 4 сыныбына 63 бала келеді. 1-11 сыныптар арасында 42 сынып-комплект болады. Оның 31-і қазақ сыныптары, 11-і орыс сыныптары.



Төменгі буында (1-4 сыныптар) – 377 оқушы.

Орта буында (5-9 сыныптар) – 436 оқушы.

Жоғарғы буында (10-11 сыныптар) – 107 оқушы.

Осы балаларға барлығы 88 мұғалім сапалы білім бермек. Ұстаздар қауымы оқушыларға білім берумен қатар, олардың тәрбиесіне де көңіл бөліп, жан-жақты дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Олардың: 46-сы – модератор мұғалім, сарапшы мұғалім – 25, зерттеуші мұғалім – 6, шебер мұғалім – 1.

Мұғалімдердің білім сапасы – 88,6 пайыз. Көрсеткіш мектеп ұжымының білім беру бағытындағы жұмысының нәтижесін көрсетеді.

- Биылғы жылы бітірген түлектердің қаншасы мемлекеттік грантпен ЖОО-ға қабылданды?

- Биылғы 11-сыныпты бітірген 51 оқушының 29-ы мемлекеттік грантпен ЖОО-ға түсті. Бұл мектеп ұжымы үшін де, түлектер мен олардың ата-аналары үшін де үлкен қуаныш.

- Республика көлемінде барлық мектептерде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүріп жатыр. Сіз басқарып отырған осы Б. Жолбарысұлы атындағы мектепте де қызу жүріп жатқандығы байқалады. Осы жөнінде нақтырақ айтып берсеңіз.

- «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына 116 бала қамтылған. Оның ішінде аз қамтылған отбасы балалары – 77 бала, толық емес отбасы – 39 бала. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ. Әр балаға 15-20 мың теңге шамасында демеушілер тарапынан көмек беріледі. Бұл көмек жаңа оқу жылына дайындық кезінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үлкен қолдау болып отыр. Демеушілердің осындай қайырымды іске атсалысуы балалардың қажетті оқу құралдары мен керек-жарақтарын алуға мүмкіндік береді.



- Жаңа оқу жылына жан-жақты дайындалыпсыздар. Мектептің оқу жылына дайындығы барысында қажетті жұмыстардың барлығы рет-ретімен атқарылып жатқандығы байқалады. Әрбір істеріңізге сәттілік тілеймін! Жастарға білім беру барысында жақсы нәтижелі істеріңіз көп болсын. Ұстаздар қауымының еңбегі жемісті болып, жаңа оқу жылында оқушыларыңыз биік белестерден көріне берсін!

Бетті дайындаған: Сембек АБДРАХМАНОВ



Ойды ой қозғайды. Күнделікті өмірде оқығаның бар, естігенің бар – бәрін әуелі жүрегіңе қабылдайсың. Оның бірі көңіл құсын шарықтатса, бірі құлазытып тастайды. Сонан соң барып санаңа сап саралайсың. Біріне-бірі қарама-қайшы оқиғалар еріксіз ойға батырады. Осындай ой елегінен өткен дүниелер «қара», «ақ» болып екіге жарылып жататын жағдай сіздің де басыңыздан өткен болар?

ЕР МЕН ӘЙЕЛДІ НЕГЕ БӨЛІП ҚАРАЙМЫЗ?

Әлеуметтік желіде Түркістан облысында той үстінде ерлер мен әйелдерді бөлек отыруға шақырған 66 жастағы ер адамның видеосы жарияланды. Оның пікіріне қосылатындар да табылды. Бірақ, көпшілік қазақ дәстүрін алға тартады. Өзіміздің қазақтың өткен ғасырдағы өмірін алайық. Рас, ол кезде тұрмыс билігі ер-азаматтардың қолында болды, өйткені қазіргідей ғылым дамыған жоқ. Ол кездегі басты мәселе – ұрпақ жалғастығы болатын. Ұлт, ру шашырап кетпеуі үшін, ата-баба жерін қорғау үшін ерлер күрес жолында болды. Әйел бала тәрбиелеп-өсіріп, отбасы-ошақ қасынан шыға алмады. Солай десек те, қабілетіне қарай өр мінезімен, ақыл-парасатымен көзге түсіп, елде аты аңызға айналған әйелдер көп саналады. Олардың атын атап санаудың

ОЙДЫ ОЙ ҚОЗҒАЙДЫ

Түркістан облысында 66 жастағы ер адамның той үстінде тілек айтудың орнына, елге өз ұстанымын үгіттеген видеосы әлеуметтік желіде кеңінен тараған тұста «Алатау» газетінің ұжымы келесі газет жоспарын талқылап, алдыңғы нөмірдегі материалдарға талдау жасап отырған еді. Жиын соңы қызу пікірталасқа ұласты.

Ұжым мүшелерінің бірі той үстінде өз ойын айтқаны үшін азаматты жауапқа тартудың дұрыстығына күмән келтіріп, қазақтың дәстүрлі дастарқанында ерлер мен әйелдердің бөлек отыратын кездері болғанын алға тартты. Екіншісі бұл әрекетті ел арасына іріткі салуы мүмкін насихат деп бағалап, той төрін қоғамға өз көзқарасын таңатын орынға айналдыруға болмайтынын айтты. Сонымен бірге ерлер отырған дастарқандағы бос орындарға әйелдердің де еркін отырып жүргені, қазіргі той мәдениетінде мұндай қатаң жіктеудің бұрынғыдай сақталмайтыны сөз болды.

Талқы барысында «ұрғашы» сөзіне қатысты пікірлер де екіге жарылды. Бір тарап бұл сөздің қазақ тілінде бұрыннан бар екенін айтса, екінші тарап оны адамға қарата қолдану кемсіту сипатында қабылдануы мүмкін екенін алға тартты.

Ортақ пікірге келе алмаған осы әңгіме мені тағы бір мәселеге ойландырды: ер мен әйелді бір-біріне қарсы қою қаншалықты қажет? Дәстүр мен қазіргі қоғам талабын бір-біріне қарама-қарсы қоймай, олардың ара-жігін қалай түсінгеніміз дұрыс? Отбасындағы ер мен әйелдің орны, жауапкершілігі мен құқығы қандай болуы керек?

Көпшілік бұл мәселені отырыстарда да, әлеуметтік желілерде де талқылап жүргені белгілі. Мен де осы сауалдарға гендерлік саясатпен қатар, отбасы құндылықтары мен қазақы дүниетаным тұрғысынан жауап іздеп, осы мақаланы жазуға бел будым. Оқырманның бұл мәселеге қатысты өз пікірі болса, газетке жолдап, ортақ ойға өз үлесін қосса деген ниеттемін.

өзі артық деп ойлаймын. Қазақта «екі жарты – бір бүтін» деп, яғни еркек пен әйел бірін-бірі толықтыратын біртұтас жаратылыс деп қараған, екеуінің одағын өмірдің негізі санаған. Олар отбасы мәселесін, ауыл мәселесін бірге шешіп отырған. Ер мен әйел тойды бірге тойлаған, ән салып, айтысып, ел әңгімесін айтқан, жастар алтыбақан теуіп, «ақ сүйек» ойнайтын. Ол жерде жақсы да болады, жаман да болады.

Білгенімізше, дүниенің екі жағы бар – ақ және қара: күн мен түн; жамандық пен жақсылық; қастық пен достық; адалдық пен арамдық т.т. кете береді. «Ағайының бір өліде, бір тіріде»; «Бір аштықтың бір тоқтығы бар»; «Бір бетін берген, бір сыртын берген...» дегендерден адамзат өмір ағысының екі жолына кезек түсіп отыратынын аңғарсақ керек. Және де, өмір тек бір ағыспен өтетін болса, тіршіліктің қадірін бағалай алмауымыз да мүмкін. Сондықтан Құдіретіміз алма-кезек дүние етіп жаратқан ғой. «Көп асқанға – бір тосқан», «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» дегенде Алланың тек жақсылығын көріп, асқақтап кететіндерді тәубесіне келтіретін де, басына түскен ауырлық немесе бақытсыздықтан қайғырып, «мына жалған дүниеден түңіліп кетпесін» деп алдынан үміт күттіретін де бір жаратушы бар екендігін ескерту болар.

Иә, шыр етіп дүние есігін ашқан сәбидің алдына ақ пен қара жол қатар түсіп, өмір атты сапарға шығуы табиғи заңдылық болуы керек. Әрине шілдехана тойына жиналғандар оған ақ жол тілейді. «Көп тілеуі – көл» болып, ол баланың өмірде көрер жақсылықтары көп болуы мүмкін. Ата-анасының кінәсінен немесе өскен ортаның әсерінен сәбидің болашағына бұйырған жолдың қара үзіктері көп болуы да мүмкін. Бұдан байқайтынымыз – бала өміріне жауап беретін ата-анасы және өскен ортасы, «жақсы» мен «жаман» екен. Фариза Оңғарсынова:

«Адам күліп тумайды, туа сала күлмейді,

Үйренеді күлуді, бірақ күліп өлмейді.

Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,

Және, жылап өледі, өзгені де жылатып.

Жылайтыны туғанда – жамандар бар қинайтын,


Жылайтыны өлерде – жақсылар бар қимайтын», – дейді.

Олай болса, адамзаттың өзі ақ және қара, яғни «жақсы» және «жаман» болып бөлінеді ғой. Неге біз оны «әйел» және «ер» деп бөлуіміз керек? Қазақта «Жаман әйел жақсы еркекті надан етеді, жақсы әйел жаман еркекті адам етеді» деген сөз бар. Бар мақалға кері тұжырым айтылғанда осы мақалға кері айтылған тұжырым жоқ екен. Сонда, жақсыны да, жаманды да жасайтын әйел деп ұйғаруымыз керек қой. Солай ма?

Олай болса, еш нәрсенің парқын білмейтін әйелді үлпілдетіп ел алдына шығарып, балаларына жол сілтеп, жарқын болашағына жағдай жасайтын немесе ел алдына шығатын әйелді қор етіп үйде ұстап, кейде ұрып-соғатын, балалаларының болашағына қамқор болудың орнына, күнделікті өмірін өксікке толтырып жүрген ер-азаматтың тәрбиешісі кім екен? Мүмкін «анасы» дерсіз? Өмірде әке тәлімін алып, оның әкелік қамқорлығының арқасында арман биігіне қол жеткізген ұл-қыз аз ба? Неге біз ер-азаматтың ой-түйсігін әйелдердің бейімдеуінің нәтижесіне балауымыз керек? Мүмкін осындай ұйғарым болғандықтан да ер-азаматтардың беделі түсіп жатыр ма?

Тойдағы азамат, керісінше, әйелдерді «ұрғашы» деп кемсіткен және ол «әйел ер адаммен қатар отырмау керек» деген. «Ерлердің беделін көтеру мақсатында айтылған пікір ме?» деп те қалады екенсің. Жоқ, бұл жерде басқа ой, басқа арна жатқан сияқты. Оны өзі заң алдында пайымдап беріп жатқан шығар?

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия (Алғашқы нұсқасы 1998 жылы құрылған) белсенді түрде жұмыс істейді. Ол отбасы («әйел» емес, «отбасы») институтын нығайту, гендерлік (гендер – ерлер мен әйелдердің қоғам талап ететін мінез-құлық, әдет-ғұрып және жауапкершілік) саясатты дамыту (яғни, адами капиталды тең дамыту) және демографиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында тұрақты түрде жиын-



дар өткізеді, жобалар ұйымдастырады. Негізгі бағыттары: Отбасын қолдау орталықтарының жұмысын үйлестіру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдердің қоғамдық-саяси және экономикалық белсенділігін арттыру. Осының нәтижесінде әйелдер істері және отбасылық демографияға қатысты кешенді өңірлік бағдарламалар қалыптасты, яғни облыстық, аудандық әкімдіктер жанында комиссиялар құрылды. Олар демографиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесіп, ата-аналардың, яғни ер мен әйел мүмкіндіктері теңдігі бойынша сауат ашуларына, экономикалық саладағы әйел мен ер мүмкіндіктер теңдігіне қол жеткізуге, кәсіпкерлікті дамытуға, отбасындағы және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықты болдырмауға, халықтың денсаулығын сақтауға тағы басқаға ықпал етеді. Ер мен әйел деп бөлмей, азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарын қарау қорытындылары бойынша материалдарды жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдардың, орталық мемлекеттік органдардың аудандық бөлімшелерінің немесе мемлекеттік органдардың қарауына, мәні бойынша шешім қабылдау үшін жолдайды. Біздің елде, тіпті, бала құқығы да қорғалады. Бар азаматтың құқығы бірдей қорғалатын болса, неге біз ер және әйел деп бөлінуіміз керек?

Бүгінгі таңда ғылым айлап емес, күн сайын даму үстінде. Елдің бәрі сауатты. Соның өзінде біз әлі әйел мен ерлер мәселесін алдыға тартамыз. Ер адамның ел алдындағы азаматтық парызын өтеу жолында әйел өз қабілетін құрбандық етуге міндетті дегенді сөз етеміз. Соны ер-азамат «толық түсіне ала ма?» деген сұраққа жауап іздейміз. Әйелдің өз қабілетін құрбан етіп, Алланың өзіне жұптап қосқан пендесінің қандай да бір жетістікке қол жеткізуіне көрсеткен көмегін дұрыс пайдалана алмай, халық үшін қызмет ету былай тұрсын, өз отбасына қамқорлық көрсетуді ойламайтын ерлер қаншама. Ал өзінің артықшылығын бұлдап, «ер істегенді мен де істеймін» деп, көкірегіне нан пісетін әйел де бар. Алланың берген дарынын ел игілігіне жұмсай алмай, өмірін өксікпен өткізгендердің кінәсі неде? Әрине, өмір атты ағыны қатты өзенде серігімен қатарласып жүзе білмеуде дер едім. Біріне-бірі сүйеу бола алмай, қол ұстасып, жұптасып, бір-біріне сенім арта алмауда дер едім.

Сондықтан да, ағайын, «сен –ерсің, сен – әйелсің» демей, бір-бірімізді көтерейік. Біреудің, мейлі ол ер болсын, мейлі әйел болсын, бір жылт еткені болса, қол ұшын беріп көмектесіп, жарқыратып мадақтап, үлгі етуге ұмтылайық. Тек ер және әйел емес, қазақ елі, қазақ жұрты болып жұмылып, бірауыздылық көрсетсек қой, шіркін! Ұлтымыздың санын да, сапасын да жақсартсақ игі еді!

Құралай Нарынбай немересі,
Талдықорған қаласы

Дүйсенбі - Понедельник, 24 тамыз

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 Қайрат Нұртастың жеке концерті
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Үлкен үй»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.00 «Халық таңдауы»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.00 Телехикая «Брат или брак»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 Сериал «Хиромант»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Жить здорово»
12.10 «Давай, поженимся!»
13.10 «Модный Приговор»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25«Басты жаңалықтар»
19.05,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ктк қоржыны»
07.50 «әнім сен едің», ойын-сауық
07.55 «Закира», отандық телехикаясы
10.00 Сериал «Маршанец»
12.10 «Было дело», документальный детектив
14.20 Худ. фильм «Батыр из прошлого»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.30 Сериал «Сиделка»
23.40 Сериал «Хозяйка»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Маршанец»
04.50 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.05 «Ұлт ұяты»
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 «Угәгәй melody»
10.45 Халықтық конституция
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Бір шәугім шай»
11.30 «Күлкі қоржын»
11.50 «Жаңа конституция»
12.05 «Әсем әуен»
12.53 «Конституция әліппесі»
13.00 «Единый народ»
13.25 «Жаңа конституция»
13.30 «Әсем әуен»
14.25 Халықтық конституция
14.30 «Арнайы репортаж»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Жетісу әуендері»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Апорт»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07.00 «Шымкент шоу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
12.20 худ. фильм «Смурфики: Затерянная деревня»
14.20 худ. фильм «Валериан и город тысячи планет»
17.30 худ. фильм «Добро пожаловать в рай»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Не дыши-2»
23.00 худ. фильм «Семь жизней»
01.40 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.22 телехикая «Зың-Зың Күлпәш»
06.00 Әзілің жарасса
07.00, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
08.10,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,12.50 Новости
11.10, 00.10 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.00 «Цифровая гигиена»
13.20 «Әзілің жарасса»
13.40 «Батыр из прошлого»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.00 сериал «Далекий город»
23.00 «Иффет»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.35 Новости
03.00 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.10 Жарқыраған жұлдыз

Утерянный бланк ИБР Россия № 0297630 выданный ИП «Куринин» ИИН 791210300780 считать недействительным.

Сейсенбі - Вторник, 25 тамыз

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Алаш ұлы Алаш» концерті
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Үлкен үй»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.00 Телехикая «Брат или брак»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 Сериал «Хиромант»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Жить здорово»
12.10 «Давай, поженимся!»
13.10 «Модный Приговор»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25«Басты жаңалықтар»
19.05,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
02.40 «Работа над ошибками»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
09.20 Вечерние новости
10.00 Сериал «Маршанец»
12.10 «Однажды в залесье»
14.20 Сериал «Сиделка»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.30 Сериал «Сиделка»
23.40 Сериал «Однажды в заласье»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Маршанец»
04.50 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.50 «Жаңа конституция»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
12.53 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 аймақ»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 Халықтық конституция
14.30 «Ғибрат»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Доступ есть?»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 «Информбюро» қаз., русс
08.00,02.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30 худ. фильм «Люди в черном-2»
13.30 худ. фильм «Паутина Шарлотты»
17.50 худ. фильм «Максимальный риск»
21.00 худ. фильм «Неудержимый»
23.50 худ. фильм «Не шутите с Зоханом»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тикток шоу»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.22 телехикая «Зың-Зың Күлпәш»
06.00, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
07.00,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,12.50 Новости
11.10, 00.10 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.00 «Цифровая гигиена»
13.20 «Әзілің жарасса»
13.40 «Тақиясыз періште»
14.30 «Жүрегімнің иесі»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.00 сериал «Далекий город»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.35 Новости
03.00 Гүл-гүл шоу
03.40 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Сәрсенбі - Среда, 26 тамыз

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 Заттыбек Көпбосынұлының концерті
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Үлкен үй»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.00 Телехикая «Брат или брак-3»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 Сериал «Хиромант»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Жить здорово»
12.10 «Давай, поженимся!»
13.10 «Модный Приговор»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.05,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
02.40 «Работа над ошибками»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
09.20 Вечерние новости
10.00 Сериал «Маршанец»
12.10 «Однажды в залесье»
14.20 Сериал «Сиделка»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.30 Сериал «Сиделка»
23.40 Сериал «Однажды в заласье»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Маршанец»
04.50 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.50 «Жаңа конституция»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.20 Халықтық конституция
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Угәгәй melody»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Жолдау. 2025 жыл»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 «Информбюро» қаз., русс
08.00,01.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.40 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.10 худ. фильм «Добро пожаловать в рай»
13.50 худ. фильм «Неудержимый»
16.50 худ. фильм «13 жизней»
21.00 худ. фильм «Зон Флакс»
23.00 худ. фильм «Не дыши-2»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тикток шоу»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.22 телехикая «Зың-Зың Күлпәш»
06.00, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
07.00,23.00 «Иффет»
08.00,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,12.50 Новости
11.10, 00.10 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.00 «Цифровая гигиена»
13.20 «Әзілің жарасса»
13.40 «Тақиясыз періште»
14.30 «Жүрегімнің иесі»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.00 сериал «Далекий город»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.35 Новости
03.00 Гүл-гүл шоу
03.40 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

СӘЛЕМНІҢ ДЕ ӨЗ ӘДЕБІ БАР

СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ. АДАМНЫҢ АДАМҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ МЕН ЫҚЫЛАСЫ ЕҢ АЛДЫМЕН АМАНДАСУДАН АҢҒАРЫЛАДЫ. ИСЛАМ ДІНІНДЕ ДЕ, ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕ ДЕ СӘЛЕМДЕСУГЕ АЙРЫҚША МӘН БЕРІЛГЕН. "КІМ БІРІНШІ СӘЛЕМ БЕРЕДІ?", "ҚАЙ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА СӘЛЕМДЕСУ ӘДЕПКЕ САЙ?", "ӘҢГІМЕЛЕСІП ТҰРҒАН АДАМҒА СӘЛЕМ БЕРУГЕ БОЛА МА?" - ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ САУАЛДАРҒА ЖАУАП ІЗДЕП, СӘЛЕМДЕСУДІҢ ДІНИ ӘРІ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДЕГІ ОРНЫНА ҮҢІЛІП КӨРДІК. ОСЫЛАЙША СІЗДЕРГЕ ДІНТАНУШЫ МАМАН САРМАН МАҚСАТТЫҢ МАҚАЛАСЫН ТӨМЕНДЕ ҰСЫНДЫҚ.



СӨЗ СӘЛЕМДЕСУДЕН БАСТАЛАДЫ

Кез-келген әңгіменің басы сәлемдесуден басталады. Барлық нәрсенің басы қалай басталатындығына байланысты сәлемдесу де маңызды орын алады. Ескі уақыттан бері ата-бабамыз айтып келе жатқан «Сәлем – сөздің анасы» және осы сәлемдесуге байланысты көптеген мақалдар бар. Сәлемдесу туралы Құранда: «Сендерге сәлем беріліп, игі ниет білдіргенде, сендер одан да артық ниет білдіріп, одан жақсы сәлем беріңдер немесе жоқ дегенде дәл солай сәлем қайтарыңдар. Алла барлық нәрсені жіпке тізіп есеп-ке алуда һәм бәрінің тиісті қарымын қайтарады» – делінген. Бұл Құран аяттарына қатысты «Әдепшілік белгісі, Иіліп сәлем бергені. Жақындықтың белгісі, Кешіктірмей келгені» – деген мақалдарды ауыл ақсақалдары жиі-жиі айтып отырады.

Ал осы сәлем сөзінің мағынасына келетін болсақ, Сәлем сөзі – араб елінде тыныштық, бейбітшілік, сенімділік деген мағынаны білдіреді. Сәлемдесу – бұл ишара, жақындық ниет, ілтипат білдіріп, жылы шырай танытуы. Адамшылық әдеп амандасудан басталады. Сондықтан да салт-дәстүрімізде сәлемдесіп, амандасуға көп көңіл бөлген.

ӘҢГІМЕЛЕСІП ТҰРҒАН ЕКІ АДАМҒА СӘЛЕМ БЕРУГЕ БОЛА МА?

Сәлемдесудің түрлеріне келер болсақ әр елде әртүрлі. Алысқа бармай-ақ өзіміздің Қазақтанды мысалға алайық. Қазақстанның қазіргі жастар арасында сәлемдесудің көптеген түрі (*бет сүйісіп, құшақтасып, жұдырықпен т.б.)* кездесетінін көріп жүрміз. Амандасу түрінің бұлайша көбейуінің себебі жастардың көпшілігінің Батыс елдеріне еліктеуінен болып жатқаны көпшілігімізге белгілі. Ал біздің салт-дәстүрімізде амандасудың олай болмаған. Біздің салт-дәстүрімізде амандасқанда екі қолдап қол алысып, дауысын шығарып тұрып «Ассалаумағалейкум» деп айтқан.

«Ассалаумағалейкум» сөзі «Алланың сізге сәлемі болсын» деген мағынаны білдіреді. Бұлай амандасқан адамға «Уағалейкумассалам» деп жауап береді. Бұл сөздің мағынасына келер болсақ, «Сізге де Алланың сәлемі болсын» деген мағына береді. Қазақ жұрты амандасып, қал-жағдайын сұрағанда «аузын ашса жүрегі көрінетіндей» деп айтатын болған. Бұл біздің қонақжайлылығымыз бен салт-дәстүріміздің қандай болғандығын көрсетеді.

Негізінде біздің асыл дініміз Исламда амандасқан кезде «Ассалаумағалейкум уа рахматуллаһ» деп айтқан, ал оған: «Уағалейкумассалам уа рахматуллаһи уа баракатуһ» – деп жауап қайтарған. Ал сәлем сөзінің өзі Алланың 99 есімдерінің бірі: «Әс-Сәләм» – бұл амандық беруші, есен сақтаушы деген мағынадағы сөздерге жақын. Құран Кәрімде бір рет кездесетін осы сөз Аллаға ғана қолданылады. Алланың сәлеммен сипатталуы, Оның бұл сипатқа барлық нәрседен де лайық болғандығынан. Сол себепті де Алланың құлдары арасында сәлемді жаю – Исламның ең ізгі амалдардың бірі. Осы себепті де біздің елімізде жас буынға сәлемдесуді сабақ ретінде үйретіп отырған.

Сәлемдесу туралы Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзінің хадистерінде: «Сәлем - Алланың жердегі есімдерінің бірі», «Бір біріңмен сәлемдесіп жүріңдер, сонда сендерге сауап жазылады», «Сәлем берген адам Аллаға құлшылық етіп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетін орындағанның белгісі», «Адамдардың ең сараңы – сәлем беруде сараңдық танытқаны», «Кім бірінші сәлем берсе, Алланың нұры жауады» деп айтып кеткен. Біздің дініміздің қайнар көзі болып табылатын Құран мен хадистерінде осыншама мәлімет берілгендігінен сәлемдесу қаншалықты маңызды екендігін түсінуге болады.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Амалдардың қайсысы игі?» деп сұраған адамға «Тамақ беру және танып, танымағанға сәлем беру» деген. Сәлемдесуге жетелейтін хадистердің бірі – мынау: «Сендер иман етпейінше, жаннатқа кірмейсіңдер, бір-біріңді сүймейінше, шын мағынада иман еткен бола алмайсыңдар. Істеген жағдайда бір-бірлеріңді сүйе алатын (бір-бірлеріңе деген сүйіспеншілікті арттыратын) амал айтатын ба? Араларыңда сәлемді жайыңдар» – деген. Екі мұсылман жүздескенде, сөзге бастамастан бұрын сәлемдесуі тиіс. Расулалла (с.а.с.): «Сәлем, сөйлеспестен бұрын жасалады» – деген. Бір адам, көпшіліктен ажырап бара жатқан адам да, артта қалғандарға сәлем береді. Алланың Елшісі (с.а.с.): «Біреуің бір мәжіліске кіргенде сәлем берсін, отырған мәжілісінен кеткісі келгенде де сәлем берсін. Бұрын берген сәлемі кейін берген сәлемінен үстем емес», - деген екен.



Бұлардан бөлек салт-дәстүрімізде ер мен ердің, ер мен әйелдің, адамдардың көпшілікпен қалай амандасатындығы да бар. Ер мен ер амандасқанда төс қағыстырып, қал-жағдайын сұрасқан. Ал ер мен әйел қол алыспаған, тек қана «Сәлем бердік, Сәлеметсіз бе» деп амандасумен тыйылған. Ал келіндердің қайын жұртынан үлкендерді көріп, сәлем салуына келетін болсақ, бұл үлкендерге деген құрметпен сыйластықтың нышаны болып табылады. Және де жалғыз адам көпшілік жиналған жерге барғанда әр қайсысымен қол алыспай оң қолды жүрек тұсқа қойып, барлығына бірдей сәлем берген.

Ал осы "кім бірінші сәлемдесу керек?" дегенге Пайғамбарымыз (с.а.с.) қалдырып кеткен хадистерінде жазылған сәлем беру әдептерінде: «аттылы жаяуға, жүріп келе жатқан отырғанға, азшылық көпшілікке, жасы кішісі жасы үлкенге, ер адам әйел адамға бірінші болып сәлем беруі керек», – деп айтып кеткен екен.

Осы сәлемдесу туралы ислам дінімізден басқа аталарымыздан да қазіргі күнге дейін жеткен мақалдарымыз да аз емес. Мысалы, «Қабағына қарай сәлемі», «Бір күн дәм татқанға, қырық күн сәлем», «Адамына қарай сәлемі», «Сәлемнің де сәті бар», «Сәлемдесе білу де өнер», «Сөздің басы сәлемнен басталады», «Сәлем беру кішіліктің белгісі» деген мақалдар әлі күнге дейін халық арасында таралып жүр.

Иә, әңгімелесіп тұрған екі адамға сәлем беруге және амандасуға толық болады. Бұл әдепсіздік немесе кедергі жасау болып саналмайды, керісінше сыпайылық пен сыйластықтың белгісі.

Қорыта келгенде, әркім кіммен, қай жерде, қандай жағдайда жолығып тұрғанынан жаңылмай, салт-дәстүріміздің айнымай, барынша сыпайы, әдепті сәлемдесіп үйренгені абзал. Сәлем беру – өткінші міндет емес, өмірлік міндет. Ендеше одан жаңылуға да, жалығуға да қақымыз жоқ.

Сарман Мақсат,
Діntанушы маман
centre-tur.kz

СӘЛЕМ БЕРІЛМЕЙТІН ЖӘНЕ СӘЛЕМ АЛЫНБАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

Дәретхана мен моншада: Лас немесе жеке орында (әсіресе әжетханада) Алланың есімі бар сәлем сөзін айтуға және қабылдауға болмайды.

Намаз оқып жатқанда: Намаздағы адамға сырттан сәлем беруге болмайды. Егер намаз оқып тұрған адамға біреу сәлем берсе, оның тілмен жауап беруіне қатаң тыйым салынады (бұл намазды бұзады), тек басын изеу немесе қолмен жеңіл ишара жасау арқылы ғана жауап қайтаруға рұқсат етіледі.

Құран немесе хадис оқып, зікір тартып отырғанда: Рухани зікір мен оқу үстіндегі кісінің зейінін бөлмеу үшін сәлем берілмейді.

Азан мен қамат айтылып жатқан сәтте: Азанды тыңдау мен қайталау маңызды болғандықтан бұл уақытта да амандаспайды

Күнәлі іс жасап жатқан адамға: Жаман әрекет үстінде отырған немесе ашық күнә істеп жатқан кісіге сәлем берілмейді

Ас үстіндегі жағдайлар: Дастархан басында тамақтанып отырған әр адамның жеке қолын алып немесе мазасын алып сәлемдесу де әдепке жатпайды.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 32 (1295) 21.08.2026 Алатау

БІТПЕЙДІ-АУ АРМАН

Ертең оның ұлы келеді, екі жыл бойы көрмеген ұлы! Ол – лейтенант, ол – балғындай жас офицер!

Отставкадағы қарт полковник Айтөре Қалимолдиннің көкірегі ерекше бір мақтаныш пен масатқа толып, қуаныштан түні бойы ұйқысы келмей қойды. Жалғыз ұлы Нариманы он сегізде оқуға кеткен еді, қазір – жиырма екіде. Алғашқы екі жыл бойы келіп жүрді де, соңғы екі жыл әлдеқалай бір себептермен келе алмаған. Қандай болды екен ол? Қандай офицер болды екен? Полковник ат жақты, ашаң, ұзын бойлы ұлын көзіне елестетуге тырысып кірпіктерін айқастырды. Қараңғылық арасынан Нариманның тұлғасы ап-анық көрінді. Ол кіршіксіз аппақ тістерін көрсете күліп, әкесіне әлдене айтып тұр, бірақ үні естілмейді. Айтөре тәтті қиялға шомып, масаттана күлімсіреді.

Осыдан төрт жыл бұрын да осы кереует үстінде полковник дәл осылай ойға шомып жатқан. Онда оның ұлы тұңғыш рет алыс сапарға, осыдан мыңдаған шақырым Тамбов әскери училищесіне аттанбақ еді. Қарт полковник баласының әскери мамандық алуын шын жүрегімен қалайтын, бірақ «сен осыны таңда» деп оған ешқашан өз тілегін көлденең тартқан емес. Оның жүрегіне ұялаған бұл арманы ойда жоқта, кенет соққан мұхит желі сияқты күтпеген жерден жарқ ете қалды. Он сегізге жаңа толған ұлын Н. әскери комиссариаты әскери училищеге жіберетін болыпты. Оған ұлы да қарсы емес…

Қарт полковниктің ұзақ түнге кірпігі ілінбей қойды. «Нариман ертең жүреді, ертең! Сонан соң оны кезекті бір демалысына дейін көре алмайды, бәлкім училищеде өткізетін төрт жыл бойына да жалғыз ұлы әкесі мен шешесін көруге келе алмас, бәлкім, қарт әке қашан да іштей мақтаныш тұтып, суға түскен кесектей елжірей сүйетін ұлын осы бойы көре алмас, бұл түн – сүйікті ұлымен бірге өткізіп отырған ең соңғы түні шығар?!» Айтөре осы жайлы түнімен ойланған. Бірақ аузына бірде-бір жүрек елжіретер жылы сөз орала қоймады.

Міне, поезд жүруге жақындап тұр. Ұлы да әкесінен әлдене күтетін сияқты, жәудіреп қайта-қайта қарап қояды. Ананың аймалауына не жетсін, әйтсе де, әке лебізі бір төбе ғой шіркін. Ән бойынан мың құмырсқа өрмелеп бара жатқандай, Айтөренің тұла бойы шымырлап сала берді. Ығы-жығы перронға салдырлаған көрі кеудені ғана қалдырып, бүкіл ет бауыры, ыстық жүрегі қамырдан суырылған қыл тәрізді өзіне де байқалмай баласымен бірге аттанып бара жатқан секілді. Перзент дегенді адам баласының, соның ішінде әкелердің осыншалықты жанымен, тәнімен беріле сүйетініне қарт полковниктің қазір ғана көзі жеткен секілді. Ол қасында тұрған ұлының қолынан қалай ұстағанын өзі де сезбей қалды. Сол толқу үстінде Нариманды сәл тысқары алып шығып, дірілдеген мейірімді үнмен сөйлеп кетті. Ол сөздерді Айтөренің өзі емес, сонау ішкі дүниесінің бір түкпірінде әлдеқалай біреу ойлап тауып, түйдек-түйдегімен ақтарып жатқан секілді.

– «Әкенің көңілі балада, баланың көңілі далада». Халық бұлай деп бекерге айтпаған, Нариманжан, – деді ол көзілдірігін орамалымен сүртіп. – Елді сағынып езіле берме, ол ер жігітке қас қасиет. Болашағыңды ойла. Әке тек ақыл айтады, ал өмір үйретеді, өмірді тыңда. Өмірдің бір күнгі үйреткені – ақылды әкенің мың өсиетінен артық. Дос таңдай біл. Сені адам қылатын да сол достар. Әке алыста, ал дос қашан да қасыңда. Осы есіңде болсын. Бізді ойлама деп айтпаймын, ойла бірақ уайым қылма. Үйін ойламаған жігіт елін ойламайды, үйін сағынбаған жігіт елін сағына алмайды. Мұны да жадыңнан шығармағайсың. Өмірдің кездесетін басқа ұсақ-түйектерінің бәріне қайтіп бағыт сілтейін, бәрін де ақылмен, парасатпен істерсің, ұлым. Бар, мін вагоныңа, жолың болсын! – деп ол Нариманның маңдайынан иіскеп сүйді де, қош айтысып қала берді.

Үйіне келген соң да Айтөренің жаны жай таппады. Нариман бар кезде мына бөлмелердің іші қандай жылы еді, қандай ыстық еді. Қазір оты сөнген тандырдай суып қалыпты.

– Болды, жетеді енді, несіне жылай бересің! – деді ол жұбайына жекіп. – Немене, ол майданға аттанып бара жатқан жоқ қой, мақсат қуып бара жатыр. Сүрт жасыңды!

Сөйтті де кеудесінде белгісіз бір құйын ұйтқып барып басылды. Ол ұлының бөлмесіне келіп, терезеден сыртқа ұзақ қарап тұрды. Терезе сыртынан Нариманның сүйкімді тұлғасы пайда бола кетті. Ол қашанғы әдеті бойынша ұяла күліп, әкесіне қарай тура жүгіріп келе жатыр. Айтөре теріс айналып кетті. Ол көзімнен жас шығып кетер деп қорыққан еді.



Міне, сол ғасырдай боп көрінген төрт жыл да артта қалып, кемпір мен шал өздерінің айлар бойғы аңсап күткен күндеріне де жетті-ау! Кеше Нариманнан: «Папа, мені ертең күтіңдер. 189-рейс» деген телеграмма келді.

«Папа» деген осы бір төрт-ақ әріпке бар әлемнің қызуы мен қызығы, махаббаты мен рахаты түгел сыйып жатыр еді. Сонымен бірге «папа» деген жалғыз ауыз сөзде азамат болған ұлының кешегі балалық шағын елестетіп, кеудедегі жүректі ыстық табадағы майдай ерітіп жүре беретін еркелігі мен бал сезімі, балғын үні бар еді. Алыс жолдан бала келе жатқанда ата-ана жаны қайдан байыз тапсын. Төрт бөлменің іші екеуіне тарлық еткен соң көрші-қолаңдарға кіріп, Нариманжандарының бүгін келетіндігін айтып шықты. Қуаныштарына ортақ болып, дастарқан жайған үйдің бірде-біреуінен олар дәм ауыз тимеді, тіпті, тамақтарынан бір ұрттам шай да өтпей қойды. Ақырында ата-ана аэропортқа тартты.

Олар келіп таксиден түскенде, 189-рейс Москвадан жаңа ғана шыққан еді. Енді олар табандатқан жеті сағат бойы кеуделері дүрсілге толып ұлдарын күтеді. Дәл қазір жер бетінде екеуінен асқан бақытты жан бар ма еді десеңші!

Қарт ата-ананың шортандай тулаған жүректері, самолеттен түсіп келе жатқан ұлдарын көргенде, Нариманға өздерінен бұрын ентелей жөнелді. Бүкіл әлемнің махаббаты мен сезімін көз жасы мен кеудесіне сыйдырып өз жүрегінің соңынан



алға қарай ана ұмтылса, ұлы қуаныштар мен қасіреттердің бәрін сабырмен қарсы алуға әдеттенген әке өзін-өзі тежеп, күлімсірей аяңдап келе жатыр.

…Айтөре ес білгелі ешқашан көзіне жас алған емес және бұл дүниеде ер адамның жылағанынан асқан ұят нәрсе жоқ деп түсінетін. Ал қазір, Нариманды ыстық құшағына қысып, маңдайынан, бетінен, көзінен көме сүйіп жатқан сәтте ұлының: «Папа, жыламасаңшы, папа» деген сөзін естіп қалды.

«Сонда, бұл қалай, Айтөренің жылап тұрғаны ма? Ол өзін берік-ақ ұстап тұр еді ғой? Көз жасы деген адамның өзіне де бағынбай ұрланып келетін болған-ау. Бұл таңғы шықтай таза махаббаттың белгісі ме екен, әлде, қарғыс атқыр кәріліктің әсері ме?»

Айтөре өзіне-өзі келіп, еңсесін көтеріп алды. Ол көзіне жас алғаны үшін өз баласынан ұялды. Арада екі күн өткен соң қарт полковник есік алдындағы сәкіге шалқалай түсіп, жұлдыздары жапырлаған тұнық аспаннан көз алмай отырды.

Нариман ба?

Ол үйде жоқ, төрт жылдан бері көрмеген жолдастары бүгін кешке келіп алды да кетті. Бала әкенікі емес, солардікі ғой. Дос сағынышы мен дос қадірін өмірдің ыстық-суығын тәуір-ақ көрген әке жақсы біледі. Айтөре ұлын көзіне тағы елестетті. Нариманжан қандай көрікті жігіт болған? Бұрын арық болған соң ба тым ұзын сияқты еді, қазір толысып, жүзі дөңгелене түсіпті. Жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі де өзгеріп, ұстамдылықпен, ақылдылықпен астасып жатыр. Өзіне офицерлік киім қандай жарасатын еді тағы, құйып қойғандай денесіне жабысып тұр. Оның ширақ қимылына қарап, әскери өмір үшін туған дерсің тура. Қарт полковник өзінің алыс жастық шағын еске түсірді.

Жоқ, онда Айтөре өмірді бұлай бастамаған еді. Біреуге бұрын күліп, біреуге қырын келетін тағдыр талқысы әке-шешесін қаршадай шағында жұлып әкетіп, жақын-туыс дегеннен жан адамы қалмаған ол Түркістан соғыс округында ұзақ әскери қызметін өтеп болып, отставкаға шыққан соң туған еліне кеткелі жатқан орыс офицеріне тап болып, сонымен бірге ішке кетеді. «Үш күннен соң адам көрге де үйренеді» дегендей жат жерге келген соң сегіз жасар бала өзіне мүлде суық көрінген абыр-сабыр қала өміріне де қалыптасып, әлгі офицердің тікелей қамқорлығымен орысша мектепке түседі. Жыл артынан жыл өтіп, кәмелетке толған соң әскерге алынды да, өз міндетін өтегеннен кейін әскери мамандықты қалаған боз бала жиырма алты жасында орыс армиясының офицері болып шығып, Түркістан соғыс округының Түркістан белімшесіне прапорщик етіп жіберілді. Өзінің қамқоршы офицерінің ықпалында болған ол Түркістан дүрбелеңін тұншықтыруға қатысу былай тұрсын, осы уезде совет өкіметін орнатуға да араласты. Содан Отан соғысын да басынан өткізген ол ұзақ жылдар бойы жауапты қызметте болып, елуінші жылдардың аяқ шенінде полковник дәрежесінде отставкаға шықты. Адам өз өмірінің ішінде өз қолымен жасаған нәрсеге қашан қанағаттанған? Сол сияқты, Айтөре отставкаға шыққанда өзін түк бітірмей, түк тындырмай шыққандай сезінді де жүрді. Сондықтан ба ұлының әскери мамандықты таңдауын барынша қалап жүрді. Және ер адам үшін соғыс өнерін меңгеру басты міндет деп түсінетін Айтөре, ұлы әскери училищеге барамын деп тілек білдірген кеште қуаныштан кірпік ілмеген. Енді бүгін сол арманы орындалған сияқты.

Дәл осы Нариман келгенге дейін қарт әке: «Ұлым азамат боп, көкейімдегі арманымның орындалғанын көріп өлсем өкінішім жоқ» дейтін іштей. Жо-жоқ, оның бәрі әшейін ғана сөз екен, қайта, ұл ержеткен сайын ата-ананың өмір сүре бергісі келеді екен. Әке жолын қуып, қиын да алыс жолға аттанған баланың қуанышы бар, күйініші бар, суырылып озар шағы бар, сүрінері тағы бар. Қуанышы мол болса құба-құп, оны адамның өзі-ақ көтереді, өмірдің алғашқы ащы дәмін татып, жаны жабырқағанда балаға қамқоршы ата-ана қажет-ақ-ау. Достың жөні бір бөлек, әкенің жөні бір бөлек. Дос мейірімі қашан да қаталдықпен астасып келеді, ол солай болуы керек те, бірақ әке-шешенің сүйеу болар таза мейірімі мен «құлыным» деген жалғызауыз сөзіне не жетсін. Осы бір сөз «көке» деп жабығып келген баланың көкірегіндегі ащы сезімін сылып тастамай ма, жүрегіне ұялаған мұң атаулыны қуып шығып, жаңа қайрат, тың оймен аяғына қайта мінуге демеу болмай ма? Олардың талай күнгі бұзылған ұйқысы баласына бір сағат тыныштық әкелмей ме, қажет болса қайран ата-ана барлық қуанышы мен шаттығын ұлдарының бір күндік күлкісіне айырбастай салмай ма? Қажет-ау, қажет-ақ-ау оларға әке мен ана!

Енді ғой, амандық болса, Нариманжан үйлену керек. Ол кімге үйленеді, оның

келіншегі қандай боп келеді. Асыл боп келе ме, тасыр боп келе ме. Сонан соң, құдай-ау, бір шөкім жаман немелері қандай боп өсер екен? Тасыр-тұсыр еткен бұл ақымақтар оларын жөндеп күте ала ма, жоқ, от пен судың арасына азанда тастап, кешке қарай үйге бір-ақ орала ма?

Айтөре орнынан атып тұрды. Жүрегі жиі-жиі соғып, алқынып-ақ қалыпты. Қарт полковник кителінің түймесін ағытып, түнгі аспанға тағы қарады. Тау жақтан қоңыр салқын леп соғып, оның жанын рахатқа бөлей түсті.

Тап осы сәтте Айтөренің мына кең аспанның астында өмір сүре бергісі, сүре бергісі келді. Енді ол өзі жасамаған нәрсені Нариманжанының қалай жасарын көріп барып көз жұмсам шіркін деп армандады.

Дулат ИСАБЕКОВ,
aiqara.kz сайтынан алынды

ШАҢЫРАҒЫҢ ШАЙҚАЛМАСЫН

Еңіреген ер болудан қалады,
Едіреңдеп, ез болуға қарады.
Атой салып, елі үшін Ер болған
Қайда қалды Қабанбайдың заманы.

(бір тақырыпқа үш әңгіме)



«АТ АЙНАЛЫП ҚАЗЫҒЫН ТАБАДЫ» ДЕСЕ ДЕ

Ол тоғызыншы сынып оқып жүргенде қалада оқып жүрген әпкесімен бірге қонаққа келген жігітпен көңіл қосып, мектеп бітірісімен сол жігітке тұрмысқа шықты. Тату-тәтті күн кешіп, тұрмыс жағдайларын да ел қатарлы түзеп алды. Жастайынан жүрегін жаулаған жігітке үріп ауызға салғандай қыз, шекесі торсықтай ұл сыйлады.

Өмірдің өзіне тартар «сыйы» алда екенін күйеуі бес жылға сотталып кеткенде бірақ білді. Қос баланың тәрбиесі, ас-суы, киім-кешегі әке-шешенің арқасында қиындық туғыза қойған жоқ, өз ауылы, ел іші болғаннан соң да тұрмыс жағдайы жаман болмады. Бірақ, бұл қамқорлық, балаларының әкесінің елге жасаған қиянаты оның сүйіктісіне деген махаббатын жеңе алмады. «Жанымыздан кетпе» деген әке сөзін тыңдамай, түрмеден шығып келген күйеуімен қол ұстасып, балаларын бауырына басып қалаға кете барды. Еті тірі жігіт тұрмыс жағдайын тез-ақ түзеді. Дегенмен, «қазақ байыса,...» деген емес пе, енді баспанаға қолымыз жетеді деп жүргенде ол ішімдікке салынып, қызық қуалады. Ұрыс-төбелестен басқа жанұя бірлігін сақтайтын амал таппаған әйел



ақырында екі баласын құшақтап, далада қалды – қара басының қамынан басқаға санасы жетпеген еркек жанына жайлы әйелдің қолына кіріп алды. Ауылға қайтуға намысы жібермеген әйел екі баласын сүйреп, әр жерге бір түнеп жүрді. Қайтсін енді, жалдап тұрған үйіне төлейтін ақшасы жоқ, дүниесін ала алмайды. Күйеуінен алған бар олжасы – жеңіл машина еді. Соны сатып, бір үйге алдын ала бір бөлік төлем (задаток) жасап, қалған ақшаны қайдан аларын білмей сандалып қалды.

Ол қалада тұратын ауылдасы кездескенше есі кеткендей күй кешті. «Адамның күні адаммен» ғой, ауылдасының үйінде есін жиып, солардың көмегімен сауда жасап, өзі сөйлескен кіші-гірім үйге қол жеткізді. Жақсы тұрмыстан қалған аз-кем дүниесі бар, ананы-мынаны шалып табыс тауып, қиналған сайын қатулана жүріп, екі баласын да жеткізді, ұлды үйледі, қызды тұрмысқа берді. Бірақ, жалғыздықтан жалықты ма, «Жаздым – жаңылдым, құдай қосқан қосағыма жетер жан жоқ екен» деп келген күйеуін қолына кіргізіп алды. Осы уақыт ішінде 2-3 әйелдің әлпештеуінде болған «азамат» өз әйелінің «ашса - алақанында, жұмса - жұдырығында» болып күн көріп жатыр. Ұлға айтар ақылы, қызға сөйлер беті жоқ.

ЖАБЫРҚАҒАН КӨҢІЛ ЖАДЫРАЙ АЛМАС

Ол «атына заты сай» деген ел аузындағы қыз еді. «Қызға кім сөз салмайды, қымызды кім ішпейді» дегендей, оған да ынтық ықыластарын білдіргендер аз болмады. Бірақ, қыз жүрегінен бір жаннан басқаға орын табылмады. Екеуі елді елеңдетіп барып, қосылды да, жоғары оқу орындарын бітіріп қызмет те істеді, балалы да болды. Береке-бірлікті тұрмыстарымен ел аузына да іліккен еді. Ұрыс-керіс болмаса да еркектің көңілі ашы судан басқаны қаламайтын болды, әйел жалғыздықтан жапа шекті. Араққа салынған ардақтысы ажалын да сол ашы судан тапты.

Үш-төрт жыл жан адамға жадырай қарамаспын деген әйелдің қолына құдайдың құдыретімен, үлкендердің үгіттеуімен ылпың-жылпың азамат кіріп алды. Жұмыстан келген әйелінің алдына түсіп, әлпештеген сыңай танытып, елпілдеп-желпілдеп тұрған ерінің еріншектігіне ол көп көңіл бөлмеді. Алланың берген қуатымен өз жағдайын өзі жасап, жұмыстан қалмай, үйін үйлеп, баласын тауып отыра берді. Өнерін алдыға салып, екі күннің бірінде той тойлайтын жігіт жанұяның жағдайына, бала тәрбиесіне көңіл аударматын болды. Ата дәстүрімізден айрылып, қазақтың көйлек алса да ел жиып «жуатын тойы» көбейген күндерінде маскүнемдікке салынбай қалған азамат кем де кем шығар. Қазақы тәрбиенің тәлімін ұстанған әйел ер өнерін құрметтеймін деп жүріп, күйеуін уысынан шығарып алғанын кеш білді. «Баланы жастан, қатынды бастан» дегенді кері қолданатын заман ба дерсің. «Әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ, той-думанның қызығымен, арақтың буымен өмірінің өтіп, балаларының ер жетіп кеткенін жігіт сезбей де қалды.

«Әке қамқорлығын көрмеген баладан мейірім күтпе» деген сөздің жаны бар. Қандай да болса ер-азамат деп бас қосқан соң, балаларын, «Әкең жынды болса, байлап бақ» дегенді алдыға тартып, әке бетіне келмеуге тәрбиелеген ана сөзі болмаса, балаларында әкеге деген мейірім болмады. Арақ ішіп алып, өзіне көңіл бөлуді талап еткен жанды жақсы көру мүмкін де емес қой. Ақыры отбасының берекесі кетті. Ұл ер жетіп, үйленді, қыз бой жетіп, тұрмысқа шықты. Жар сүйеуін көрмеген жан жалғыз шырылдап, жоралғысын жасап жатты. Құда-құдағи болып құрмет көретін жасқа келгенде жас баладай желкілдеген әке, жабырқаған көңілі жадырай алмайтын ана балаларының көңіліне қаяу түсірді.

ҚАРҒАДАЙ ҚЫЗЫН ҚАҢҒЫТЫП КЕТТІ

Ол екеуінің арасында көпшіліктің көзіне түсетіндей ерекше махаббат болмаса да бір-біріне ынтызар болып қосылғандары анық. Ата салт-дәстүрінің жоралғысын жасап қосылған соң, ел қатарлы тұрмыс-тіршілігін жалғастырып жатты екеуі. Бір ұл, бір қыз – Алланың берген көзқуанышы болды. Талай ердің өміріне балта шапқан, қаншама жанұяның шырқын бұзған батыстан келген «боза» бұларды да айналып өтпеді. Ішкен адамның тиісерге қара іздеп тұратын әдеті емес пе, басында күйеуінің еркелігі деп қараған қылығы бара-бара балаларының мазасын алатын болды. Ақыры бұлар ажырасып тынды.

Бойдақ әйел көрсе, бойларын жия алмайтындардың біразы құрығын сілтеп көрген, бірақ көңіліне ұнағаны болмады. Аудан орталығында тұратын ауылдасының үйінде танысқан еркек жан жарасын жазатындай-ақ көрінген соң, балаларына қамқор болатын адам осы ғой деп ойлаған жігітпен бас қосты.. «Көрші ауылда төрт баласы мен әйелін тастап, мұнда неге жүр?» деген ой келмеді басына. Адамды адастырайын десе, ешнәрсені пайымдатпайды екен ғой, оған сенді.

Содан, бұлардың үйсіз әркімнің босағасында жүргеніне намыстанып, әйелдің ағасы орталықтан үй сатып алуға көмектескен көрінеді. Ол үйді өз атына рәсімдеу кезінде натариустағы қыздың «сенім хат» беруге үгіттеген сөзіне еріп, жаңа қосылған күйеуіне бар құжатты сеніп тапсырады. Өзіне жар, екі баласына әке болмақ адамның үйді қашан, қалай жөндегенін сұрамаған да. Отбасының бірқалыпты тірлігімен тоғыз жыл да өте шығады, құдай жарылқап екеуіне бір бала да берген екен.

Бұрынғы күйеуінен қалған екі бала мектеп бітірген кезде шиқіліктің шеті шығады. Балалар оқуға түсіп, олардың білім алуына төленетін қаражаттан шыққан дау-дамай ақыры үйге келіп тіреледі. Тоғыз жыл бойы сеніміне кіріп, жақсы жар болып жүрген жан бір-ақ күнде бұрынғы әйел, бала-шағасының жанынан бірақ табылды. Жанашырым деп құшқаны нағыз алаяқтың өзі екенін үш баламен далада қалғанда бірақ білді. Өз қолымен өз балаларын далада қалдырған әйел басын тауға да, тасқа да соқты, бірақ азаматтық некедегі күйеуінің үлкен ұлының атына рәсімделген өз үйін ала алмады. Алдын ала ойластырылған жоспардың мықтылығы ма, жоқ заң қызметкерлерінің аузын майлап қойған ба, неше куәгердің куәлігі есепке алынбай, әйелдің туыстарының арқасында алынған үйі арзанға сатылып, арамза еркектің қалтасында кете барды.

Аңқаулықпен бе, санасыздықпен бе алданған әйелдің қызы тұрмысқа шықты, ұлы оқуын бітіріп жұмыс істеп жүр. Анасы мен әкесі қаңғытып кеткен өгей қарындасына қолынан келгенше қамқорлық жасап жүр. Аядай ғана баспанаға қолдары жетіпті. Ел қорғаны болар азаматтың әйелге, тіпті өзінің жанынан үзіліп шыққан тіршілік иесіне жасаған қиянатына қапаланбасқа шараң жоқ.

Альмаза БЕЙДАН,
Талдықорған қаласы

Атамыз қазақта «Қара шаңырақ киесі» деген ұғым бар. Қара шаңырақ қана емес, өз отбасының қадір-қасиетіне жетпегендердің қай-қасысы болса да, жалғанды жалпағынан басып өткенімен, өмірінің соңында өкінішке ұрынары анық. Бір тақырыпқа жазылған үш әңгімеде де әйелдер үлбіреген уыз шағында тағдырын сеніп тапсырған, өмірлік жарына балаған азаматтардың алғаш құрған шаңырағынан ажырап, екеуінің арақ атты әзәзілдің шырмауынан шыға аламай, бұл өмірдің қызығын, бала-шағаның қуанышын көрмеген күйі бақилық сапарға ерте аттануы, бірінің қайта үйіріне қосылса да «Әй» деп әйеліне ер бола алмай, «қой» деп баласына жекіре алмай мүсәпірдің күйін кешуі осының айғағы дер едім.

«Әуелгіні құдай, одан кейінгіні адам, үшіншіні шайтан қосады» дейді көнекөз қариялар. Осындай ұлағатты сөздің мәнін түбегейлі түсінбей, құдай қосқан қосағының қадіріне жетпегендер, әйелді «бұрымынан ұстап лақтырып», тағдыр төлкегіне тастап кеткен еркектер қаншама. Өз кемшілігін, өз қателігін мойындап, әйелмен санасқан да – азаматтық дер едім.

Қалай дегенмен де, әйел нәзіктігін, ер ерлігін жоғалтқан мына заманда алғаш құрған шаңырағының шаттығын көретіндер көбеймей ме деген қорқыныш бар көкейде. Сонда да болса, ел болашағы үшін өнегелі ұлды, көргенді қызды тәрбиелеуіміз керек. Отан отбасынан басталатынын, шаңырақтың киесі барын, ондағы жандардың бір-біріне деген сүйіспеншілігінің маңыздылығын болашақ ұрпақтың санасына сіңірудің жолын іздейік. Ой бөлісейік, ағайын. Облысымызда, ауданымызда, ауылымызда алғаш көтерген шаңырақтарының береке-бірлігін сақтап, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, ұрпақ алдында еңсесі биік болып отырған азаматтарымызды елге танытайық. Санасында саңылау, көкірегінде сәуле бар ұрпақтың соларды үлгі тұтарына сенейік.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 32 (1295) 21.08.2026 Алатау

БЕЛЕС

ЖАСЫ КІШІ ДЕМЕҢІЗ...

СПОРТ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ДЖИУ-ДЖИТСУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖАСТАРМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. ӨТКЕН НӨМІРДЕ ЖАС СПОРТШЫ ДАНАГҮЛ ТАЛҒАТҚЫЗЫ ТУРАЛЫ ЖАЗДЫҚ. ЕНДІ ТАҒЫ БІР ЖАС БОЛСА ДА ӘЛЕМДІК АРЕНАЛАРДА БОЙ КӨРСЕТІП ЖҮРГЕН СПОРТШЫМЫЗ ЖАЙЛЫ МАҚАЛАНЫ ОҚЫРМАНҒА ҰСЫНАМЫЗ.

Бүгінгі кейіпкеріміз – Досжан Наримануұлы Жұмажанов. Ол 2008 жылдың 18 желтоқсанында Талдықорған қаласында дүниеге келген. Биыл Шоқан Уәлиханов атындағы №10 мектеп-гимназиясын тәмамдап, өмірінің жаңа бір кезеңіне қадам басып отыр. Жасы небәрі он жетіде болса да, тоғыз жылға жуық уақыт бір спорт түрімен тұрақты айналысып келеді. Ел ішіндегі жарыстардан бастап, халықаралық додаларға дейін жетуі оның спортқа деген жауапкершілігі мен табандылығын көрсетеді.



Досжанның джиу-джитсуға келуінің өзі бала күнгі қарапайым қызығушылықтан басталған. Кішкентайынан күрескенді ұнатып, үйде де, далада да құрдастарымен күш сынасуға құмар болып өскен баланы 2018 жылдың қаңтарында ағасы джиу-джитсу үйірмесіне ертіп барады. Содан бері мектептегі сабақ, үйдегі тіршілік, достарымен өткізетін уақыттың арасында спорттың да өз орны қалыптасты. Осылайша, балаға тән қызығушылық бірте-бірте тұрақты жаттығуға, ал тұрақты жаттығу жетістікке айналды.

– Алғашында жаңа әдісті үйреніп, дұрыс орындасам, соған қуанып жүретінмін. Кейін жарыстарға қатыса бастаған сайын мақсатым да өзгерді. Алдымен жергілікті жарыстарға шықтым, кейін республикалық, одан соң Азия мен әлемдік жарыстарға қатыстым.

Спортта жеңістің оңай келмейтінін түсіндім. Жарыста жүлде алғаныңды бәрі көреді, бірақ оған дейін қанша дайындалғаныңды ешкім көре бермейді. Күнде жаттығасың, бір әдісті қайта-қайта жасайсың, қателессең түзетесің. Кейде шаршайсың, бірақ бәрібір жалғастыру керек. Меніңше, жүлденің артында ең алдымен еңбек тұр, - деді ол.

Досжанның спорттық жолындағы ерекше нәтижелі кезеңдердің бірі – 2023 жыл. Сол жылы Қазақстан Кубогында жеңіске жетіп, Азия және Әлем чемпионаттарында бірінші орын иеленді. Кейінгі жылдары да жарыс қарқынын бәсеңдетпей, 2025 және 2026 жылдары Қазақстан чемпионатында топ жарып, Азия, Әлем және Орталық Азия чемпионаттарында бірнеше мәрте жүлдегерлер қатарынан көрінді.

– Спорт менің бойымда тәртіп, еңбекқорлық пен жауапкершілікті қалыптастырды. Спортпен айналыса бастағаннан бері өзімнің көп өзгергенімді байқадым. Қандай мақсат болса да, оған жету үшін үнемі еңбектену керектігін түсіндім, – дейді Досжан.

Тоғыз жылға жуық жарыс көріп, талай қарсыласпен белдескен спортшы татамиге шығарда мүлдем қобалжымайтын шығар деген ойда болғанмын. Алайда Досжан жауапты жарыстың алдында толқу мен қорқыныштың болатынын жасырмады. Оның айтуынша: «*Бұрын жарыс алдында қатты қобалжитынмын. Қазір ондай сезім әлі де болады, бірақ өзімді қалай тыныштандыру керегін білемін. Жарыс алдында ән тыңдаймын, көп адаммен сөйлеспей, өз ойыммен болғанды ұнатамын. Белдесуге шығар алдында дұға оқып аламын. Содан кейін көңілім орнығып, бар назарымды жарысқа бөлуге тырысамын*».

Аталған спортты сырттай бақылаған адамға қарсыластардың күші мен шапшаңдығы бірінші кезекте екені байқалуы мүмкін. Алайда татамидің үстінде мәселені тек қара күш шешпейді дегенді түсіндіріп берді кейіпкеріміз:

– Джиу-джитсуда күшті болу ғана жеткіліксіз. Қарсыласыңның қимылын бақылап, не істегелі тұрғанын аңғарып, соған қарай әрекет ету керек. Кейде бір сәтті дұрыс пайдалана алсаң, белдесудің нәтижесі де өзгеріп кетеді. Сондықтан жарыс кезінде асықпай, сабыр сақтап, дұрыс шешім қабылдау маңызды, – дейді Досжан.

Жарыс алаңында бар назарын қарсыласына аударып, әр қимылын есеппен жасайтын Досжан спорттан тыс уақытта өз қатарластары секілді қарапайым тіршіліктің ортасында жүреді. Бос уақытын достарымен өткізіп, үй шаруасына көмектескенді ұнатады, қолына домбыра алып, күй шертуге де ықыласы бар екен. Әңгіме барысында ол өзін еңбекқор, адал әрі мақсатшыл адам ретінде сипаттады.

Отбасы туралы сөз болғанда, оның әңгімесінен жақындарына деген ықыласы бірден сезіледі.

– Отбасымда ата-анам, аға-інім және екі қарындасым бар. Жақындарым менің спортпен айналысқанымды жақсы қабылдайды. Үнемі қолдап, жаттығуға ынталандырып отырады. Қиын сәттерде олардың қолдауы күш береді, ал жарыс алдында жақындарымның сенімі өзіме деген сенімімді арттырады, – дейді ол.



Кейін алдағы мақсаты жайлы сұрасақ: *«Өмірдегі үлкен мақсаттарымның бірі – туған-туыстарымның үмітін ақтап, жақсы, мықты әрі бақытты азамат болу. Болашақта өзімді бапкерлік саладан көргім келеді. Осы уақытқа дейін жинаған тәжірибем мен білімімді кейінгі спортшыларға үйретіп, олардың дамуына өз үлесімді қоссам деймін»,* – деген жауап естідік.

Әңгімеміздің соңында ол қатарластарына: *«Барша спорттағы қатарластарымды мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Барлығына мықты денсаулық, мол бақыт, отбасыларына амандық және спортта үлкен жетістіктер тілеймін. Әрқашан алға ұмтылып, өз мақсаттарыңызға жетіңіздер! Жеңістеріңіз көп болсын!»* - деген тілегін жеткізді

Автордан: Ел намысын татамиде қорғап, жеңістің де, жеңілістің де салмағын ерте сезінген Досжан Жұмажановқа алдағы жарыстарында сәттілік тілейміз. Еңбегі еселеніп, жеңісі көбейе берсін. Бүгінгі табандылығы ертеңгі үлкен жетістіктеріне жол ашып, армандарының орындалуына себеп болғай!

Гүлнұр БАЙМҰХАН

ҚҰРЫЛЫС

ЖАҢА КЕШЕН БОЙ КӨТЕРЕДІ

Жетісу – мемлекеттік шекараның маңызды бөлігі өтетін, еліміздің шығыс қақпасы саналатын өңір. Сондықтан мұндағы шекара бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және жеке құрамның қызмет жағдайын жақсартудың маңызы айрықша.



ҚР Шекара қызметінің күні қарсаңында Талдықорған қаласында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жаңа әкімшілік кешенінің құрылысы басталды. Осыған орай, болашақ ғимараттың іргетасына уақыт капсуласын салу рәсімі өтті.

Салтанатты шараға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Марат Нарбаев, шекара қызметінің әскери қызметшілері мен ардагерлері қатысты.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев жаңа кешеннің құрылысы Мемлекет басшысының облыс орталықтарында Шекара қызметі департаменттерінің әкімшілік ғимараттарын салу жөніндегі тапсырмасына сәйкес қолға алынғанын атап өтті.

– Жетісу облысы еліміздің шығыс қақпасы ретінде стратегиялық маңызы зор өңір саналады. Бүгін құрылысы басталып отырған Шекара қызметі департаментінің жаңа ғимараты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бой көтереді. Ал бүгін салынып отырған уақыт капсуласы – болашақ ұрпаққа жолданған символдық үндеу. Ол еліміздің мемлекеттік шекарасы әрдайым берік әрі қауіпсіз болсын деген ізгі ниетімізді білдіреді, – деді облыс әкімі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы Марат Нарбаев өңір басшылығына көрсетілген қолдау үшін алғыс айтып, жаңа нысан шекарашылардың күнделікті қызметіне қажетті жағдайды едәуір жақсартатынын жеткізді.

– Жетісу шекарашылары күн сайын мемлекеттік шекараның аса жауапты учаскелерінің бірінде қызмет атқарып, кәсібилігін, ұстамдылығын, батылдығы мен әскери борышқа адалдығын көрсетіп келеді. Шекара қызметінің берік дәстүрін қалыптастырған ардагерлерге айрықша алғысымды білдіремін. Жаңа кешен инфрақұрылымды жақсартып, қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайды. Сонымен бірге ол заманауи басқару орталығы ғана емес, бірлік пен әскери антқа адалдықтың белгісі болмақ, – деді полковник Марат Нарбаев.

ТҰТАС ҚАЛАШЫҚ САЛЫНАДЫ

Жаңа әкімшілік кешен Талдықорған қаласындағы Н.Назарбаев көшесі, 11/1 мекенжайында орналасқан 4 гектар аумақта бой көтереді. Кешеннің жалпы аумағы 17 035 шаршы метр болса, құрылыс салынатын бөлігі 6 123 шаршы метрді құрайды.

Жоба тек әкімшілік ғимаратпен шектелмейді. Мұнда екі блоктан тұратын негізгі ғимаратпен бірге қонақүй мен жатақхана, бақылау-өткізу пункті, қоймалар және басқа да қызметтік нысандар салынады. Сондай-ақ, 20 жеңіл және 10 жүк көлігіне арналған гараж, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және автожуу ғимараты, өрт сөндіру сорғы стансасы, су резервуары мен автожанармай құю стансасы қарастырылған.

Әскери қызметшілердің дене дайындығына қажетті жағдай жасау да жобадан тыс қалмаған. Кешен аумағында арнайы спорт нысаны салынып, жеке құрамның тұрақты жаттығуына мүмкіндік жасалады. Осылайша, жаңа қалашықта департаменттің басқару жұмысынан бастап, әскери қызметшілердің тұрмысы, көлік пен шаруашылық қызметіне дейінгі негізгі қажеттіліктер бір аумақта қамтылады.

Құрылыс жұмыстарына «Жаңатас Құрылыс Сервис» ЖШС жауапты. Техникалық қадағалауды «KZ Строй-эксперт» ЖШС, авторлық қадағалауды «Проектировщик» ЖШС жүргізеді.

Мердігер ұйымның өкілі Алмас Мырзамбетовтің айтуынша, қазір құрылыс алаңы қоршалып, дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Қажетті арнайы техника жеткізілген. Құрылыс барысында жүзге жуық адам жұмыспен қамтылады. Жоспар бойынша абаттандыру жұмыстарын қоса алғанда, жаңа кешен 2028 жылдың ортасында толық аяқталып, пайдалануға беріледі.





Жоба толық жүзеге асқанда Жетісу облысындағы Шекара қызметі департаменті бір аумаққа шоғырланған заманауи әкімшілік және қызметтік инфрақұрылымға ие болмақ. Бұл басқару жұмысын жүйелеуге, бөлімшелер арасындағы байланысты жеделдетуге және жеке құрамның қызмет атқаруына лайықты жағдай жасауға мүмкіндік береді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Бейсенбі - Четверг, 27 тамыз

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 Нұрғиса Тлендиев
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Сырластар»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.20 Телехикая «Тойхана»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 Сериал «Хиромант»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Жить здорово»
12.10 «Давай, поженимся!»
13.10 «Модный Приговор»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.05,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
02.40 «Работа над ошибками»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
09.20 Вечерние новости
10.00 Сериал «Марашанец»
12.10 «Однажды в залесье»
14.20 Сериал «Сиделка»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.30 Сериал «Сиделка»
23.40 Сериал «Однажды в залесье»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Марашанец»
04.50 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.40 «Жаңа конституция»
11.50 «Айтыс»
14.20 Халықтық конституция
14.25 «19 аймақ»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Жетісу әуендері»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Таза мекен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.05 Д/ф «Су»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Начать сначала…»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Үздіктер кітабы»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 «Информбюро» қаз., русс
08.00,01.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30 худ. фильм «Паутина Шарлотты»
13.40 худ. фильм «Максимальный риск»
16.10 худ. фильм «Морской пехотинец-6»
21.00 худ. фильм «Соучастник»
23.40 худ. фильм «Клик: с пультом по жизни»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тикток шоу»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.22 телехикая «Зың-Зың Күлпәш»
06.00, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
07.00,23.00 «Иффет»
08.00,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,12.50 Новости
11.10, 00.10 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.00 «Цифровая гигиена»
13.20 «Тақиясыз періште»
14.30 «Жүрегімнің иесі»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.00 сериал «Далекий город»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.35 Новости
03.00 Гүл-гүл шоу
03.40 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Жұма - Пятница, 28 тамыз

ХАБАР

05.00 «Абайлаңыздар» Р. Заитов
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Т/х «Сырластар»
13.00 «OynaiQ»
14.00 М/с «Турбозавры»
15.30, 20.00 Т/с «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.30 К/ф «Қашан үйленесің?»
22.00 «Қоғам пікірі»
23.00 Т/х «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с «Особенное лето»
07.00 Сериал «Хиромант»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 Жаңалықтар
11.00 Новости
11.05 «Жить здорово»
12.10 «Давай поженимся»
13.10 «Модный приговор»
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 «Qoslike»
18.30 Басты жаңалықтар
19.05 «KOREMIZ-SHOW»
20.00 Главные новости
20.35 «Поле чудес»
22.05 Т/с «Жизнь после жизни»
03.05 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Закира» отандық т/х
09.20 Вечерние новости
10.00 Т/х «Марашанец»
12.10 Т/х «Однажды в залесье»
14.20 Т/х «Сиделка»
16.30 Т/с «Певица»
18.30 Т/с «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.30 Т/с «Верю я в любовь»
02.00 Т/с «Певица»
03.25 Т/х «Марашанец»
04.50 «Закира» отандық т/х
06.05 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.50 «Жаңа конституция»
12.00 «Әу» де»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.20 Халықтық конституция
14.30 «Таза мекен»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Үздіктер кітабы»
17.00 «Бір шәугім шай»
17.30 «Айтыс»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.35 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщает»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Цена агрессии»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «ООН-80» наш выбор – мир, а не война»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ұлттық оркестр»
23.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус., қаз.)
08.00, 01.30 «31 әзіл»
09.00 М/с «Губка Боб»
10.00 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М/с «Черепашки ниндзя»
12.00 Х/ф «13 жизней»
15.30 Х/ф «Отмель»
17.30 Х/ф «Дьявол носит prada»
21.00 Х/ф «Hbllbr»
23.50 Х/ф «Тихое место-2»
01.50 Х/ф «Поиск»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 «BALA BATTLE»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

05.22 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
06.00, 22.00 сериал «Далекий город»
07.00, 23.00 Т/х «Иффет»
08.10, 10.10 Т/х «Жетімдер»
10.00, 12.50 Новости
11.10, 00.10 Т/х «мың рет сүйдім»
13.00 Х/ф «Дубай любой ценой»
15.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
16.00,18.30,02.00 Т/с
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
20.00 Т/с «Жар птицы»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.35, 05.25 Новости
03.00 «Гүл-гүл шоу»
03.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Сенбі - Суббота, 29 тамыз

ХАБАР

05.00 «Әке бақыты»
06.00 «Біздің елдің жігіттері» Д. Таңатаров
08.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
11.00 М/с «Шерлок Гномс»
12.15 Кино «Ангелы Чарли»
14.00 «Cover show»
15.15 «Қызық times»
16.30 Т/х «Келінжан»
19.10 «Мен даланың қызымын» Б. Самидинова концерт
21.00 «7 күн»
21.30 «Жұмыр жер»
21.50 Х/ф «Лара Крофт»
00.00 «Creative Qazaqstan»
00.30 Подкаст
01.45 «100 сарбаз

ЕВРАЗИЯ

06.00 03.45 «Қаймақ»
08.05 Главные новости
08.45 Т/х «Қызым»
11.00 «Поле чудес»
12.40 Т/с «Один шанс на троих»
17.40 «Точь-в-точ»
20.00 Асау жаңалықтар
20.50 Х/ф «адвокат для сбежавшего жениха»
01.35 «Баста, Большой концерт в лужниках»
03.45 «Р@yTINA

КТК

07.05 «Әнім сен едің»
08.05 «Было дело» д/ф
10.00 Вечерние новости
10.30 Д/ф «Қорған»
11.00 «тартылыс күші» Қ. Нұртас
12.30 «Инспектор» отандық т/х
14.00 Т/с «Однажды в Чукурова»
16.30 Т/с «Верю я в любовь»
21.00 Т/с «Самозванка»
01.00 «Было дело» д/д
02.50 «Тартылыс күші» Қ. Нұртас
04.50 «КТК қоржыны»
05.40 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.50 «Жаңа конституция»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Жаңа конституция»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.20 Халықтық конституция
14.35 «102» сообщает»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.30 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Игры со смертью»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Ауылдан адам көшкенмен...»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Абадан»
18.20 «Тарихнама»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Әу» де»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 «Апта»
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Менің елім»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп АІ»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М/с «Губка Боб»
09.30 М/с «Черепашки ниндзя»
10.00 «Готовим с Адель»
10.40 Д/ф «Код инфраструктуры»
«На крыльях развития гражданская авиация Казакстан»
11.20 Саумал
11.40 «Жауап бер» Инт. телеойыны
12.40 Кино «Хотя бы кинода»
15.10 М/ф «Иван-Царевич и серый волк-5»
17.00 М/ф «Angry Birds-2»
19.20 Кино «мой шпион: Вечный город»
21.40 Х/ф «Бей-гур»
00.20 Х/ф «Соучастник»
03.30 «Bizdin show» «Time Vine»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «BALA BATTLE»
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ

05.22 Т/х «Зың-зың Күлпаш»
06.00, 15.20 Т/х «Иффет»
07.10 Т/х «Жетімдер»
09.00, 16.30, 01.30 Т/с
13.00 Х/ф «Дубай любой ценой»
15.00 «Аман бол» бағдарлама
16.00 «Шымкент шоу»
18.30 Т/х «Ауылға апарар жол»
20.00 Т/с «Жар-птицы»
22.00 Т/с «Далёкий город»
02.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.17 «Қызықты weekend»
03.57 Тазалық уақыты
04.37 Жарқыраған жұлдыз

Жексенбі - Воскресенье, 30 тамыз

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Әке бақыты»
06.00 «Айттым сәлем сағынып» Р. Стамғазиев
08.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
11.00 М/ф «На край света: В поисках единорога»
12.25 Х/с «Лара Кофт»
14.25 «Cover show»
15.30 «Қызық times»
16.45 Т/х «Келінжан»
21.00 «7 күн»
21.30 Глобальные события
21.50 Х/ф «Ангел Чарли»
23.50 сериал «Райское место»
00.45 Подкаст
01.45 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Қаймақ»
06.45 «Той базар»
07.45 Асау жаңалықтар
08.50 «ДАСТАРХАН»
10.00 кино «Кімге керексің?»
10.15 Х/ф «Один шанс на троих»
17.25 Х/ф «Олень»
18.00 Жаңалықтар
20.00 Новости
20.50 Х/ф «День святого Валентина»
01.05 Т/с «Скрытые мотивы»
03.45 «Р@yTINA

КТК

07.05 «Қызыл раушан» Ұланғасыр Қами
08.30 «Было дело»
10.30 Тұсаукесер «Реформа»
11.00 «Алдараспан»
12.30 отандық к/ф «Инспектор»
14.00 Т/с «Однажды в Чукурова»
17.00 Сериал «Самозванка»
21.00 Х/ф «Воришка»
23.00 «Было дело» д/д
01.00 «Реальная мистика» реалити-шоу
02.50 «Қызыл раушан» Ұланғасыр Қами
04.50 «КТК қоржыны»
05.30 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
08.55 «Азбука Конституции»
09.00 «Апта» (қаз)
09.45 «Конституция әліппесі»
10.00 «Апта» (рус)
10.45 Халықтық конституция
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.50 «Жаңа конституция»
12.00 «DARA LINE»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Әсем әуен»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Дара»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Агро аймақ»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Единый народ»
18.25 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 «Угәгәй melody»
21.45 «Жаңа конституция»
22.00 «Әсем әуен»
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Стражи звёзд»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Әзіл студио»
07.00, 01.30 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М/с «Губка Боб»
08.50 М/с «Черепашки ниндзя»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 Телевикторина «TeleBingo»
10.30 Д/ф «Код инфраструктуры»
«Магистрали будущего от стратегии к асфальту»
11.10, 03.40 «TikTok show»
11.20 Саумал
11.40 «Жауап бер» телеойын
12.40 М/с «Иван Царевич исерый волк-5»
14.20 М/ф «Angry Birds»
17.00 Х/ф «Вечный город»
19.30 Х/ф «Жизнь Пи»
22.20 Х/ф «Люди в черном-3»
01.00 Х/ф «Клятва»
03.50 «Time Vine»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

05.22 «Зың-зың Күлпаш»
06.00, 23.00 Т/х «Иффет»
07.10 Т/х «Жетімдер»
09.00, 16.30, 01.30 Т/с
13.00 «Аман бол» бағдарлама
14.00 «Шымкент шоу»
18.30, 00.00 Т/х «Ауылға апарар жол»
20.00 Т/с «Жар птицы»
22.00 Т/с «Далёкий город»
02.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.17 «Қызықты weekent»
03.57 Тазалық уақыты
04.17 Жарқыраған жұлдыз

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 32 (1295) 21.08.2026 Алатау

ДЕНСАУЛЫҚ

АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫН ДӘРІГЕРДЕН ТАРЫҚПАСА...

Жетісу өңірінің ауылдарында кейінгі жылдары жаңа медициналық нысандар бой көтеріп, жедел жәрдемнің мүмкіндігі кеңейіп келеді. Алайда, ғимарат салу – медицинадағы мәселенің бір бөлігі ғана екені анық. Облыс халқының 68 пайызы ауылдық жерлерде тұратындықтан, оларды білікті маманмен қамтамасыз ету, шалғай елді мекенге келген дәрігерді тұрақтандыру, тұрғынға қажет көмекті дер кезінде жеткізу – ауыл медицинасының бүгінгі негізгі міндеті. Сондықтан өңірдегі денсаулық сақтау жүйесінің жағдайын ауыл медицинасының ахуалынан бөліп қарау қиын.



Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен брифингте кеңінен айтылды. Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Сымбат Қанатқызы ауылдық жерлердегі кадр мәселесі, медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, жедел жәрдем қызметі мен медициналық инфрақұрылымды жаңарту барысына тоқталып, баяндама жасады.

Оның айтуынша, бүгінде облыста 354 медициналық нысан жұмыс істейді. Оның 305-і мемлекеттік болса, 49-ы – жекеменшік. Ауыл тұрғындарына медициналық көмекті жақындатуда инфрақұрылымды жаңартумен бірге кадр мәселесі де алдыңғы қатарда тұр. Қазіргі таңда облыс бойынша 120 дәрігер маманы жетіспейді. Әсіресе акушер-гинеколог, жалпы тәжірибелі дәрігер, инфекционист, хирург және өзге де бейінді мамандарға қажеттілік бар екен.

Сымбат Қанатқызы өз сөзінде дәрігер тапшылығын азайту үшін мамандарды даярлауға айрықша көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Осы мақсатта 2026 жылы резидентурада дәрігерлер даярлауға 488 млн теңге бөлінген. Бүгінде 151 маман резидентурада білім алып жатыр.

Басқарма өкілінің сөзінше, маман даярлау мәселенің бір қыры болса, оларды ауылдық жерлерге тарту және тұрақтандырудың да маңызы зор.

– Бұл ретте әлеуметтік қолдау тетіктері қатар қолданылып келеді. Мәселен, Көксу ауданында 15 медицина қызметкеріне жаңа пәтердің кілті табысталған. Сонымен қатар биыл ауылдық жерлерге жұмысқа орналасқан 20 медицина маманына біржолғы көтерме жәрдемақы берілді.

Ауылдық денсаулық сақтауды дамытудағы маңызды бағыттардың бірі – медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және оларды ауылдық жерлерде тұрақтандыру. Қабылданып жатқан шаралар кадр тапшылығын азайтуға ықпал етеді, – деген Сымбат Қанатқызы аталған бағыттағы жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

Брифинг барысында шалғай елді мекендердегі жедел медициналық көмектің жайы да сөз болды. Ауыл мен аудан орталығының арасы алшақ өңірлерде жедел жәрдемнің дер кезінде жетуі аса маңызды екені белгілі.

Баяндамашының айтуынша:

– Облыстық жедел медициналық жәрдем қызметінің құрамында 1 дербес станция, 9 қосалқы станция, 12 орналасу орны және 2 базалық пункт жұмыс істейді. Жалпы саны 69 көшпелі жедел медициналық жәрдем бригадасының 47-сі аудандық бөлімшелерге тиесілі. Олар ауылдық елді мекендердегі тұрғындарға қызмет көрсетеді.

Жедел жәрдемнің көлікпен қамтылуына тоқталсақ, қызмет балансында 98 санитариялық автокөлік бар. Соның 67-сі, яғни 68,4 пайызы ауылдық жерлерде пайдаланылып отыр. Бұл шалғайдағы шақыртуларға уақытылы жетіп, тұрғындарға шұғыл көмек көрсетуге мүмкіндік береді, - дейді

Ауыл медицинасының мүмкіндігін кеңейтуде соңғы жылдары салынған жаңа нысандардың орны бөлек. Осы ретте «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының облыстағы нәтижелері де ортаға салынды.



Аталған жоба аясында 2024-2025 жылдары Жетісу облысында 59 медициналық нысан бой көтерген. Оның ішінде 39 фельдшерлік-акушерлік пункт, 15 дәрігерлік амбулатория және 5 медициналық пункт бар. Бүгінде олардың барлығы пайдалануға беріліп, ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетіп отыр.

Жаңа нысандардың ашылуы әсіресе шалғай ауылдар үшін маңызды. Өйткені бұрын алғашқы медициналық көмек немесе дәрігер кеңесі үшін көрші елді мекенге, кей жағдайда аудан орталығына баруға тура келсе, енді қажетті қызметтің бір бөлігін тұрғылықты жерде алу мүмкіндігі кеңейіп келеді.

Брифингте Панфилов ауданындағы Жаркент қаласы ауруханасын жаңғырту жұмыстары да назардан тыс қалмады. Басқарма басшысының орынбасары бұл нысанның өңірдегі маңызды жобалардың бірі екенін атап өтті.

Оның мәліметінше, 2025 жылғы қарашада аурухананы жаңғырту бойынша мердігер ұйыммен 8,8 млрд теңгеге келісімшарт жасалған. Қазіргі уақытта құрылыс алаңында 151 адам еңбек етіп, 3 бірлік техника жұмылдырылған. Нысанның бүгінгі дайындық деңгейі шамамен 34 пайызды құрайды.

Келісімшартқа сәйкес, ауруханаға пайдалануға беру мерзімі 2027 жылғы ақпанға белгіленген. Дегенмен жауапты мамандар құрылысты мерзімінен бұрын аяқтауды мәжелеп отыр. Жоспар бойынша нысанды биылғы желтоқсан айында пайдалануға беру көзделуде.

Брифингті қорытындылаған Сымбат Қанатқызы атқарылып жатқан жұмыстардың түпкі мақсаты ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру екенін атап өтті. Сондай-ақ білікті кадрларды ауылға тарту, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту мен заманауи инфрақұрылым қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ

ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫНА 643 ӨТІНІШ ТҮСТІ

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ. ӨНДІРІСТЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ, ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ.



Бұл туралы баспасөз мәслихатында Жетісу облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы басшысының орынбасары Еркін Дәулетұлы айтып өтті. Оның сөзінше, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек оқыс оқиға болғаннан кейін әрекет етумен шектелмеуі керек. Ең бастысы – жазатайым жағдайға жол бермейтін жүйелі шараларды алдын ала қалыптастыру.

Ағымдағы жылы департамент тарапынан 30 арнайы тергеп-тексеру жүргізілген. Оның 20-сы жұмыскерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде алған өндірістік жарақаттарына байланысты болған. Жалпы осы оқиғалардың салдарынан 27 жұмыскер зардап шексе, өкінішке қарай төрт адам қаза тапқан.

Қайғылы жағдайлардың қатарында Алакөл және Панфилов аудандарында төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жұмыс барысында қаза болған оқиғалар бар. Ақсу ауданында жол саласында еңбек еткен жұмыскердің өмірі қиылса, Текелі қаласында электр тогынан адам қаза болған.

– Мұндай деректер еңбек қауіпсіздігі талаптарын формалды түрде сақтаудың өзі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Әр жұмыс орнында қауіп-қатерді алдын ала бағалап, жұмыскердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нақты шаралар қабылдау қажет.

Өндірістегі оқыс оқиғалардың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – жұмыскерлерді тұрақты түрде оқытып, қауіпсіздік ережелерін күнделікті бақылауда ұстау. Бұған қоса жұмыс берушілер ішкі бақылауды күшейтіп, еңбек жағдайының қауіпсіздігін жүйелі түрде тексеруі керек. Ақаулы немесе техникалық талаптарға сай келмейтін жабдықтарды пайдалануға жол бермеу де аса маңызды, - дейді маман.

Жыл басынан бері департаментке 643 өтініш түскен. Олардың басым бөлігі еңбек қауіпсіздігі мен еңбек құқықтарының сақталуына қатысты. Сонымен бірге жұмыс берушілерге қатысты 47 шағым қаралған. Осы бағыттағы жұмыстың бір бөлігі кәсіпорындармен тікелей түсіндіру іс-шараларын жүргізуге бағытталған. 50-ден астам кәсіпорында семинарлар өткізіліп, еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру және практикалық жұмыстар ұйымдастырылған.

Еңбек қауіпсіздігі мәселесі жасөспірімдер мен студенттер үшін де өзекті. Жазғы демалыс кезінде кәмелетке толмағандардың қоғамдық тамақтану және ойын-сауық орындарына жұмысқа орналасуы жиілейтіндіктен, олардың еңбек құқықтарын қорғауға ерекше назар аударылған. Осыған байланысты еңбек инспекциясы полиция және білім басқармасымен бірлесіп, жаз басталмай тұрып-ақ түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, рейдтер ұйымдастырған.

– Кәмелетке толмағандардың еңбекке тартылуы кезінде олардың жасына, жұмыс уақытына, еңбек жағдайына және еңбек шартының жасалуына қатысты талаптар қатаң сақталуы тиіс. Қазірге дейін студенттерге еңбекақы төлемеу фактілері бойынша департаментке шағым түспеген. Дегенмен мұндай жағдай орын алған жағдайда, еңбек инспекциясы тиісті тексеру жүргізіп, азаматтардың құқықтарын қорғауға дайын, - дейді Е. Дәулетұлы.

Сонымен қатар, маман жұмыс берушілерді азаматтарды тиісті құжаттарсыз жұмысқа жібермеуге шақырды. Себебі еңбек шартынсыз жұмысқа қабылдау тек жұмыскердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын шектеп қоймай, жұмыс берушіге әкімшілік жауапкершілік те жүктейді. Әсіресе кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасаспауға қатысты жауапкершілік жоғары. Мұндай құқық бұзушылық үшін жұмыс берушілерге 50 АЕК-тен бастап айыппұл салынады. Ал кәмелетке толған жұмыскерге қатысты осындай құқық бұзушылықтың жалпы негіздегі ең төменгі айыппұлы 30 АЕК-ті құрайды.

Г. БАЙМҰХАН

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТІРЕГІ



Талдықорған қаласына «Әділет» партиясының Республикалық сайлауалды штабының жетекшісі мен мүшелері жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында өңірдегі бірқатар нысандарды аралап, кәсіпкерлермен және өндіріс өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Сол кездесулердің бірі энергетикалық инфрақұрылымға қажетті бөлшектер шығаратын «DENK» ЖШС зауытында өтті.

Кәсіпорынның жұмысымен танысып, отандық өндірісті кеңейту, жаңа өндіріс орындарын дамыту және импортқа тәуелділікті азайту мәселелерін талқыладық.

Бүгінде мұндай кәсіпорындарды қолдау – экономикалық қауіпсіздік пен тұрақты дамудың маңызды факторы. Ел ішінде қажетті өнімді шығару арқылы біз импорт көлемін азайтып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңір экономикасының әлеуетін арттыруға мүмкіндік береміз.

«Әділет» партиясының ұсыныстарының қатарында отандық өндірушілерге ҚҚС қайтару рәсімін жеңілдету, өндірісті және ел ішіндегі өңдеуді кеңінен қолдау, кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай қалыптастыру мәселелері бар.

Біздің ұстанымымыз айқын: отандық кәсіпорынды қолдау – ел экономикасын қолдау. Өңірде өндіріс дамып, кәсіпкерлікке мүмкіндік көбейген сайын, халықтың әл-ауқаты да арта түседі.

Амангелді ЕСБАЙ,
Facebook парақшасынан алынды

АҚСУ АУДАНЫ

ІШКІ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жетісу облысы әкімінің аппараты тарапынан «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету барысында заңнама талаптарының сақталуына ішкі мониторинг жүргізілді.



Осыған байланысты аудан әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы Қ. Қалмұхамбетовтың төрағалығымен жиын өткізілді. Жиынға аудан әкімдігінің жалпы бөлімінің және «Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты мамандары қатысты.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі, қолданыстағы заңнама талаптарының орындалуы және қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде кездесуі мүмкін кемшіліктердің алдын алу, құжаттарды қабылдау мен қарау мерзімдерін сақтау, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің сапасы мен ашықтығын қамтамасыз ету бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жиын қорытындысы бойынша жауапты мамандарға тиісті хаттамалық тапсырмалар беріліп, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы талаптарды қатаң сақтау қажеттігі ескертілді.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақсу ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиында жаңа оқу жылына дайындық барысы және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелер қаралды.

Атап айтқанда, ауылдық елді мекендердегі оқушыларды мектепке тасымалдауды ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Оқушыларды білім беру ұйымдарына қауіпсіз әрі тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету, мектеп автобустарының техникалық және ұйымдастырушылық дайындығы, сондай-ақ тасымалдау бағыттарының жай-күйі талқыланды.

Сонымен қатар, қолайсыз отбасылар қатарында есепте тұрған отбасылардағы балалардың жаңа оқу жылына дайындығы қаралды. Балалардың мектеп формасы мен қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ олардың оқу жылын толыққанды бастауына қажетті жағдай жасау бағытында атқарылған жұмыстар сараланды.

Отырыс қорытындысы бойынша жауапты мекемелерге тиісті тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ

Ақсу ауданында «Сапалы білім мен тиімді басқару: заманауи мектептің даму векторлары» тақырыбында аудандық Тамыз кеңесі өтті. Дәстүрлі басқосу білім беру саласының жаңа оқу жылындағы басым бағыттарын айқындап, педагогтерге қойылатын заманауи талаптарды саралауға мүмкіндік берді.

Кеңес жұмысына Ақсу ауданының әкімі Берік Тынышбайұлы қатысып, білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерге тоқталды. Аудан басшысы жаңа оқу жылында білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби әлеуетін жетілдіру және білім алушыларға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

Тамыз кеңесі аясында ұйымдастырылған секциялық отырыстарда білім беру саласының өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, білім сапасын арттыру, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану, педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру, мектепті тиімді басқару және оқушыларға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қазіргі таңда мектептің басты міндеті – оқушыға сапалы білім берумен қатар, оның шығармашылық қабілетін дамытып, өздігінен ізденуіне, сыни ойлауына және қоғамда өз орнын табуына жағдай жасау. Бұл ретте мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен мектеп басшылығының тиімді басқаруы шешуші рөл атқарады.

Сондықтан Тамыз кеңесінде көтерілген мәселелер жаңа оқу жылындағы жұмыстардың негізгі бағдарын айқындауға негіз болды. Білім сапасын арттыру – тек педагогтің емес, білім беру ұйымы мен ата-ананың, жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігін талап ететін маңызды міндет.

Жиын соңында аудан әкімі ұстаздар қауымына жаңа оқу жылында сәттілік тілеп, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбектеріне табыс тіледі.

АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА ӨТТІ

Спорт күніне орай, «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында Ақсу аудандық спартакиадасының ашылу салтанаты өтті. Аудан көлеміндегі спорттық шара бұқаралық спортты насихаттап, тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға үндейтін маңызды бастамалардың біріне айналды.



Салтанатты жиынға Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы мен аудан прокуратурасының прокуроры Әкім Әлішер Азаматұлы қатысып, спортшылар мен жарысқа қатысушыларды Спорт күнімен құттықтады. Өз сөздерінде олар спорттың адам денсаулығын нығайтып қана қоймай, жастардың жігерін шыңдап, ұйымшылдық пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызына тоқталды. Сонымен қатар аудан тұрғындарын бұқаралық спортпен тұрақты айналысып, белсенді өмір салтын ұстануға шақырды.

Шара барысында ауданның спорт саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар ардагерлерге құрмет көрсетіліп, оларға құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды.

Спартакиада бағдарламасына спорттың бірнеше түрі енгізіліп, ауылдық округтердің командалары өзара бақ сынасты. Жарыстарда қатысушылар тек спорттық шеберлігін ғана емес, командалық рухы мен жеңіске деген жігерін де көрсетті.

Арқан тартыс сайысында Қарасу ауылдық округінің командасы қарсыластарынан басым түсіп, бірінші орынды иеленді. Жеңімпаз командаға 100 мың теңге сыйақы табысталды. Екінші орын Қапал ауылдық округіне бұйырып, команда 50 мың теңгемен марапатталса, үшінші орынға Қарашілік ауылдық округі жайғасты. Үшінші орын иегеріне 25 мың теңге берілді.

Футболдан өткен тартысты бәсекеде Қарасу ауылдық округінің командасы үздік нәтиже көрсетіп, 100 мың теңгелік бірінші орын жүлдесін жеңіп алды. Жансүгіров ауылдық округі екінші орыннан көрініп, 50 мың теңге иеленді. Ал Қаракөз ауылдық округінің командасы үшінші орынға тұрақтап, 25 мың теңгелік жүлдеге ие болды.

Жеңіл атлетикадан Қарашілік ауылдық округінің өкілдері топ жарып, бірінші орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға 100 мың теңге табысталды. Екінші орынды Ақсу ауылдық округі иеленіп, 50 мың теңге алды. Жансүгіров ауылдық округі үшінші орыннан көрініп, 25 мың теңге жүлдеге ие болды.

Үстел теннисінен де тартысты ойындар өтіп, спортшылар өз шеберліктерін ортаға салды. Бұл сында Ойтоған ауылдық округінің командасы бірінші орын алып, 50 мың теңге жүлдеге ие болды. Жансүгіров ауылдық округі екінші орынға көтеріліп, 25 мың теңге алса, үшінші орын да Жансүгіров ауылдық округінің еншісіне тиді. Үшінші орын иегерлеріне 15 мың теңге табысталды.

Аудандық спартакиада ауылдық округтер арасындағы спорттық байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға жол ашатын тағылымды шара болды. Осындай жарыстар арқылы тұрғындардың спортқа қызығушылығы артып, жас буынның белсенділігі мен командалық рухы қалыптасады.

АЛАТАУ-АҚПАРАТ

ТАҒЫЛЫМ

ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰЛЫСЫ- АБАЙ

Қазақ руханиятының көкжиегін кеңейтіп, ұлттың ой-санасына сәуле түсірген ұлы тұлғалардың арасында хәкім Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Ұлы ақын, ағартушы, ойшылдың тағылымы уақыт өткен сайын тереңдей түсіп, әр буынның жүрегіне жаңаша жол табуда. Абай сөзі – ғасырлар қойнауынан жеткен үн ғана емес, бүгінгі күннің де өзекті сауалдарына жауап беретін, адамды ізгілікке, білімге, еңбекке үндейтін рухани бағдар.

Осы орайда Мойнақ ауылдық №6 кітапхана филиалында 10 тамыз - Абай күніне орай көпшілік оқырмандар арасында «Ұлылардың ұлысы - Абай» атты ашық микрофон ұйымдастырылды. Тағылымды шараның басты мақсаты – ұлы ақынның шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, оқырмандардың Абай шығармаларына деген қызығушылығын арттыру, жас ұрпақты кітап оқуға баулу және хәкімнің терең философиялық ойларын бүгінгі өмірмен сабақтастыру. Шара барысында қатысушыларға Абайдың өмірі мен шығармашылық жолы кеңінен таныстырылып, оның ақындық әлемі, ағартушылық қызметі мен философиялық ой-толғамдары туралы мағлұматтар берілді. Оқырмандар ұлы ақынның рухани мұрасы жайлы өз ой-пікірлерін ортаға салып, жүрекке жақын өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқып, Абай тағылымының өз өмірлеріндегі мәні жайында сыр бөлісті.



Ашық микрофон барысында ақынның табиғат лирикасы, махаббат тақырыбы, адамгершілік пен білімді дәріптеген шығармалары кеңінен сөз болды. Оқырмандар Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» сынды өлеңдерін мәнерлеп оқып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәніне тоқталды. Абай шығармашылығының өзегінде – адам болу, білімге ұмтылу, адал еңбек ету, әділеттілік пен ар-ұятты биік ұстау идеясы жатыр. Хәкімнің әрбір сөзі адамды өзіне есеп беруге, жақсы мен жаманды айыра білуге, рухани кемелдікке ұмтылуға шақырады. Сондықтан Абай мұрасы қай кезеңде де өзінің өміршеңдігін жоғалтпай, ұрпақ тәрбиесіне қызмет ете береді.

Ақынның: «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба» деген өсиеті бүгінгі жас ұрпақ үшін де маңызын жойған жоқ. Білім мен ғылымға ұмтылу, еңбек ету, талаптану – Абай аңсаған кемел адамның басты қасиеттерінің бірі.

Ашық аспан аясында өткен ашық микрофон – оқырмандардың Абай әлеміне жақындай түсуіне мүмкіндік берген тағылымды басқосу болды. Әрбір оқылған өлең, айтылған ой, жүректен шыққан пікір – ұлы ақын мұрасының бүгінгі ұрпақпен рухани сабақтастығының көрінісі.

Абайды оқу – бір ақынның шығармашылығын танып-білу ғана емес, өзіңді тануға, ішкі әлеміңе үңілуге бастайтын жол. Оның әрбір шығармасы адамға ой салып, жүрекке сәуле түсіреді.

Осындай рухани-танымдық шаралар арқылы кітапхана оқырман мен асыл мұраның арасын жалғап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, өскелең ұрпақтың кітапқа, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруға өз үлесін қосып келеді. Ұлылардың ұлысы – Абайдың мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқымыздың рухани темірқазығы болып қала бермек. Хәкімнің сөзі – халыққа аманат, ойы – ұрпаққа бағдар, ал шығармалары – уақыт өткен сайын қадірі арта түсетін мәңгілік қазына.

Жанна ТЫНЫШБАЕВА,
Мойнақ ауылдық № 6 кітапхана филиалының кітапханашысы,
Талдықорған қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ескожанов С.Т.» шаруа қожалығы жұртшылықты 2026 жылғы 31 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Талдыбұлақ ауылдық округінде «Ескожанов С.Т.» шаруа қожалығының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°30'51,49" СШ 78°53'22,84"ВД.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Ескожанов С.Т.» ШҚ, Кербулақ ауданы, Талдыбұлақ ауылы, Литвиненко көшесі.

Тел.: 8 778 441 12 99, e-mail: Serik_09.67@mail.ru

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел.: 8 777 343 34 66, Талдықорған қ., Назарбаев көшесі, 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен келесі сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел.: 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.

МИО сайтына сілтеме: https://ndbecology.gov.kz

Сондай-ақ бастамашының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru

Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz. сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Крестьянское хозяйство «Ескожанов С.Т.» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 31 августа по 4 сентября 2026г. по разделу «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «Ескожанов С.Т.» в Талдыбулакском сельском округе Кербулакского района области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°30'51,49" СШ 78°53'22,84"ВД.

Инициатор намечаемой деятельности: КХ «Ескожанов С.Т.», Кербулакский район, с.Талдыбулак, ул. Литвиненко.

Тел.: 8 778 441 12 99, e-mail: Serik_09.67@mail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ndbecology.gov.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и priroda@zhetisu.gov.kz

АЛИМЕНТЫ

НОВЫЙ ПОРЯДОК ПЕРЕЧИСЛЕНИЯ АЛИМЕНТОВ

С 25 августа 2026 года в Казахстане меняется порядок перечисления алиментов. Теперь получить выплаты можно будет только на специальный банковский счет, предназначенный для зачисления алиментов. Этот шаг направлен на дополнительную защиту средств, предназначенных для содержания детей и нетрудоспособных лиц. Соответствующие изменения предусмотрены Законом Республики Казахстан от 24 июня 2026 года № 325-VIII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования исполнительного производства». Закон дополнил профильный документ новой статьей 102-1.

Теперь в соответствии настоящей статьи при исполнении исполнительных документов о взыскании алиментов перечисление денежных средств будет осуществляться исключительно на специальный банковский счет, предназначенный для зачисления алиментов. Для этого взыскателю необходимо предоставить судебному исполнителю реквизиты такого счета. Требование распространяется на взыскателей, получающих алименты в рамках исполнительного производства. Именно они обязаны открыть специальный счет и предоставить его реквизиты судебному исполнителю. Порядок открытия таких счетов установлен Правилами открытия, ведения и закрытия банковских счетов клиентов, утвержденными постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан. Если реквизиты специального счета не представлены, судебный исполнитель не сможет перечислить взысканные денежные средства. В этом случае взыскателю направят уведомление о необходимости открыть специальный банковский счет и предоставить его реквизиты.

Министерство юстиции разъясняет, что отсутствие специального счета не освобождает должника от обязанности выплачивать алименты. Вместе с тем до предоставления взыскателем необходимых банковских реквизитов перечисление взысканных денежных средств будет невозможно. В таких случаях судебный исполнитель обязан уведомить взыскателя о необходимости открытия специального счета и предоставления его реквизитов. После выполнения этих требований поступившие денежные средства будут перечислены получателю в установленном порядке. При этом задолженность по алиментам продолжит учитываться и не подлежит списанию.

Новые нормы направлены на усиление социальной защиты получателей алиментов, повышение эффективности исполнительного производства и обеспечение гарантированной сохранности средств, предназначенных для содержания наиболее уязвимых категорий граждан — детей и нетрудоспособных лиц.

При этом отсутствие счета не освобождает должника от обязанности выплачивать алименты. Задолженность продолжит учитываться до полного исполнения обязательств, однако перечисление средств получателю станет возможным только после открытия специального счета.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда

МАМАН МІНБЕРІ

ЗАҢ ТАЛАБЫН САҚТАУ ӘРКІМНІҢ МІНДЕТІ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында «Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес» деп қадап айтқан болатын. Демек, осы тұжырымның астарында сот жүйесіне жүктелген міндет пен тапсырманы орындаудың салмағы мен жауапкершілігі жатыр деуге болады.Осындай тың талаптардың тұрғысынан табылу, осы міндеттерді мүлтіксіз орындап, жетілдіруді көздейтін саяси құжат құқық үстемдігі мен баршаның заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңғыру жұмыстарын одан әрі жалғастырып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың кең ауқымды мүмкіндіктерін аша түсуді көздеп отыр.

Осы орайда Президенттің ұсынысы бойынша елімізде Конституциялық сот құрылып, жұмыс істей бастады. Бұдан басқа да құқық үстемдігі мен баршаның заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды одан әрі күшейту мақсатында айтарлықтай істер тындырылып жатыр. Қазақстанның құқықтық жүйесі соңғы жылдары бірқатар маңызды өзгерістер мен реформаларды бастан өткеруде, солардың бірі – кассациялық соттардың құрылуы. Бұл реформа әділетті сот жүйесін күшейтіп, азаматтардың құқықтарын қорғауды жақсартуға бағытталған. Кассациялық соттар сот жүйесінде жаңа деңгей ретінде әрекет етіп, сот актілерін қайта қарауға және заңды қадағалауды күшейтуге жол ашты. Мұндағы ең басты мақсат – жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен мүдделерін қорғау. Сондықтан барлық құқық қорғау органдары мен соттарда ең алдымен қарапайым жұртшылықтың мүддесін қорғау алғашқы кезекте тұруы тиіс.

Заң алдында баршаның теңдігін айтқан кезде, заңды білмеу де жауаптылықтан босатпайды деген қағиданы естен шығармаған абзал. Ал, біз күнделікті сот процестері кезінде «мен бұл әрекетімнің заңға қайшы екенін білмеппін, жаздым, жаңылдым, кешірім өтінемін» деп жанайқайын білдіріп жататын азаматтарды көргенде жаның ашитыны да рас. Дегенмен, заңды бұзуға ешкімнің құқы жоқ болғандықтан, міндетті түрде жауапкершілік туындайтынын естен шығармаған абзал. Бұл үшін қарапайым халықтың құқықтың сауатын арттыру керек. Сонда мұндай жаңсақ басқан азаматтар да азаяры анық.

Шолпан ИЗГУТТИЕВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісі басшысының орынбасары

ЗАҢ ТАЛАБЫ

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ӘКЕП СОҒАДЫ

Сот – мемлекет атынан төрелік етіп, үкім шығаратын биік құзырға ие орган. Соттың шығарған шешімдерінің, үкімдері мен қаулыларының міндетті күші бар, ол мемлекет аумағында күмәнсіз орындалуы тиіс.Адам тағдыры шешілетін сот алаңындағы тәртіпті сақтау - баршаға міндет. Сот ғимаратына кіруден бастап, қауіпсіздікті сақтау, сот залында міндеттелген қағидаларды қатаң басшылыққа алу барша қатысушылардан талап етіледі. Бұған қоса, сот тарапынан процеске қатысушылардың сот отырысына дер кезінде қатысу, тәртіпті сақтау, шындықты айту, әр сөз бен әрекетке жауаптылықпен қарап, айналасына құрмет көрсету талап етіледі. Оның ең алғашқысы сот отырысына уақытылы, кешікпей келуден басталады. Кейде дәл осы талаптарды белден басып, өзінің құқықтық мәдениетінің кемдігін көрсететін азаматтар да кездеседі. Сотқа деген құрмет - әрқашан маңызды. Ал бізде сот шақыртуын, хабарламаны алып тұрып процеске келмейтіндер бар. Сондықтан осы мәселе төңірегінде шағын мақаламызда тілге тиек ете кетсек артық болмас.

Тараптардың жарыспалылығы қағидатына сай, іске қатысушылар сотқа тек заңдық маңызы бар фактілерді келтіріп және оларды бекітетін дәлелдемелерді ұсынып қана қоймай, оларды сот отырысында тексеруге қатысады. Сондықтан, іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, үшінші жақтар, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады. Олар тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хат, телефонограмма немесе жедел хат, сондай-ақ хабарлаудың немесе шақырудың тіркуелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін. Сот отырысына шақырылған адам соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды қабылдап алудан бас тартса, олардың жеткізуші шақыру қағазына немесе өзге де хабарлауға, шақыруға тиісті белгі қояды, олар сотқа қайтарылады, сондай-ақ, бұл туралы акт жасауға құқылы.

Адресаттың хабарлауды немесе шақыруды алудан бас тартуы істі қарауға кедергі болмайды және адам тиісті түрде хабарландырылған болып есептеледі. Сотқа қатысуға мүдделі тұлғалардың сот отырысы туралы алдын ала хабарлануына процесуалдық заңда көп көңіл бөлген. Бұл мәселе барлық сот сатыларында жіті қадағаланады. Сот отырысына келмей қалған тұлғаның сот отырысы хабарланғаны туралы мәлімет болмаса, сот отырысы кейінге қалдырылады да, келмей қалған тарап қайтадан хабарландырылады. Егер осындай мәлімет жоқ болса, іс бойынша қабылданған шешім заңсыз болып табылады. Қатысуға тиіс жандар әлдебір себептермен сот отырысына қатыса алмайтын болса, ол туралы сотқа алдын ала хабарлауға және дәлелдемелер ұсынуға міндетті.

Әрине, сот – дау алаңы. Ол жерде өз құқығын қорғап, өз сөзінің дұрыстығын дәлелдеу үшін тараптардың ашуға берілетіні, қызбалық танытыны рас. Бірақ, төрелік алаңында ешкімнің сөзін бөлуге, сот залында отырып айғайлауға, өзгелерді балағаттауға болмайды. Судьяның сот процесін жүргізуіне кедергі келтіретіндер жазасыз қалмайды.Сотты құрметтемеу жауаптылығы заңда айқындалған. «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңның 1-бабының 3-тармағына сәйкес, сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот отырысы барысында төрағалық етуші судьяның өкімдеріне бағынбаған, оны балағаттаған, рұқсатсыз орнында отырып сөйлеген, алкогольдік ішімдік ішкен күйде отырысқа келген, сонымен қатар сот отырысына дәлелді себептерсіз келмегендерге Азаматтық процестік кодексе сәйкес жаза тағайындалады.

Мархабат ИСҚАНДАР,
Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

АСЫЛ ҚАЗЫНА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРУГЕ МӘН БЕРСЕ...

Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңызды орын алып отыр. Соңғы кезде, мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда. «Тіл туралы» Заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқытуды дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Бүгінгі өркениетті заманымызда жастарымыз үшін көп тілді меңгеру өмір талабы болып отырғаны құпия емес. Өйткені қазір шет елдерге барып білімін жетілдіруге кеңінен жол ашылған. Жастар өз қалауы бойынша таңдаған елдің жоғары оқу орнына түсіп, қалаған мамандығын алып шығуға мүмкіндік ашылған. Оның үстіне туристік жолдамалар бойынша да, түрлі спор жарыстарына қатысу үшін шетел асып, сапарға шығып отыратын кездер де аз емес. Сондықтан осындай жағдайларда өзге елдің тілін меңгерген жастар үшін жат жұртта да қиындық тумайтыны белгілі. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына сапары барысында «Әлем халықтарының жақсы қасиеттерін бойға сіңіріп, озық үрдістерін үйрену үшін тіл білу қажет. Бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп айтқан. Шын мәнінде, жастар неше тіл білсе, алдынан сонша елдің есігі айқара ашылады. Бұл туған еліңнің мүддесіне қызмет ету үшін қажет. Дегенмен, ең алдымен, жастарымыз ана тілін – қазақ тілін білуі керек» деп қадап айтқан болатын.

Ендеше алдымен мемлекеттік тілді меңгеу әрбір азаматтың асыл парызы болуы керек. Ол үшін тілді меңгеру әрбір отбасынан басталары аян. Баланы тал бесіктен бастап, ана тілінде сөйлеуге дағдыландырса нұр үстіне нұр болар. Иә, бүгінгі қоғам өзге тілдерді үйренуге ешқандай шек қоймайды. Алайда қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әрбір қазақ азаматының үлесі болса екен дейміз. Ана тілін құрметтеу әр адамның басты міндеті болып табылады. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, шаңырақ басындағы жас сәбиге де ең бірінші өз тілін үйреткеніміз жөн. Себебі еліміздің болашағы осы тілімізге байланысты құрылады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталар болсақ, ел мен елді, халық пен халықты байланыстырып, екі жақтың басын бірге қосатын көпірдің бірі - тіл болғандықтан, сол көпірді сақтап қалу үшін «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Яғни осы тіліміздің мәртебесін көтеру әрбір тұлғадан, болашақ ұрпақтан басталады. Ал біздің ана тіліміз халықпен бірге мәңгі жасайтынын естен шығармағанымыз абзал!

Айгүл КӘЛПЕБАЕВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

"QAZAQSTAN BARYSY – 2026"

Қ.К.ТОҚАЕВ ЖАНТІЛЕКТІ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Маңғыстау облысының өкілі Жантілек Нұртілепұлы ("Лабақ батыр") қазақ күресінен еліміздің басты додасы – Qazaqstan Barysy – 2026 супертурнирінің жеңімпазы атанып, алғашқы қатысуында-ақ алтын белбеуді жеңіп алды, деп хабарлайды Zakon.kz.

Айта кетейік, Жантілек Нұртілепұлы – "Qazaqstan Barysy – 2026" турнирінің ең жас қатысушыларының бірі. Соған қарамастан, ол алғашқы қатысуында-ақ алтын белбеуді жеңіп алып, ел балуандарының жаңа буынының әлеуетін айқын көрсетті. Финалда дебютант Жамбыл облысының өкілі, қазақ күресінің танымал балуандарының бірі Ғалымжан Қырықбаймен ("Барыс") кездесті. "Қазақстан Барысы – 2023" турнирінің жеңімпазы атанған тәжірибелі қарсыласымен өткен тартысты белдесуде Жантілек Нұртілепұлы жеңіске жетіп, мансабында алғаш рет Qazaqstan Barysy алтын белбеуінің иегері атанды.

Турнирдің қола жүлдесін Шымкент қаласының өкілі, ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионы Нұрсұлтан Қожагелдіұлы ("Батыр") жеңіп алды. Үшінші орын үшін өткен белдесуде ол Қостанай облысының балуаны Алмас Жұмағалидан басым түсті.

Турнир жеңімпазы "Qazaqstan Barysy" алтын белбеуімен қатар 15 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болды. Күміс жүлдегерге күміс белбеу мен 3,5 миллион теңге, ал қола жүлдегерге қола белбеу және 1,5 миллион теңге табысталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жантілек Нұртілепұлын "Qazaqstan Barysy – 2026" турниріндегі айқын жеңісімен құттықтады, деп хабарлайды Zakon.kz. Бұл туралы 2026 жылы 16 тамызда ҚР президентінің кеңесшісі - баспасөз хатшысы Айбек Смадияров хабарлады:

Президент "бұл жетістік спортшының жеңіске деген ерік-жігері мен озық шеберлігінің айқын көрінісі" екенін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы "мұндай беделді бәсекелер халқымыздың бірегей дәстүрлерін жаңғыртып, өскелең ұрпақты ұлттық спорт түрлерімен айналысуға ынталандыратынына" назар аударды.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ IV СПАРТАКИАДА

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАНҒАН СПОРТШЫЛАР САЙЫСЫ

Орал қаласындағы «Жайық Арена» спорт кешенінде есту қабілеті зақымданған спортшылар арасында сурдлимпиадалық спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының IV Спартакиадасы өтіп жатыр. Оған қатысушылар 17–25 тамыз аралығында шахмат, бадминтон, үстел теннисі, дзюдо, таеквондо, футбол, еркін және грек-рим күресінен жүлделі орындар үшін бәсекеге түсуде.

Айта кетейік, есту қабілеті зақымданған спортшылар арасында төрт жылда бір рет өтетін Спартакиаданың басты мақсаты – есту қабілеті зақымданған спортшылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, елімізде сурдлимпиадалық спорт түрлерін дамыту, спортшылардың шеберлігін арттыру, сондай-ақ үздік спортшыларды анықтап, ұлттық құрама команда қатарына іріктеу болып табылады.

Спартакиаданың грек-рим күресі бойынша жетісулық палуандар тамаша табысқа жетіп, төрт күміс және бес қола медальды қоржынға салып, жалпыкомандалық екінші орынды жеңіп алды. Атап айтсақ, Елнар Қыдырбаев, Төлеген Кенжебаев, Дулат Аханов және Рамазан Әбдрасіл күміс жүлдегер атанса, Әлібек Сәлімжан, Ралан Мұхаметқалиев, Денис Прокудин, Дәулет Елубаев және Ғалымжан Сарыбаев қола медальды қанжығалады. Сонымен қатар сурдо дзюдодан бұрымды балуанымыз Ақниет Сәлімжан жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтеріліп, қола жүлдегер атанды.

Спартакиада 25-тамызға дейін жалғасады және жетісулықтар тағы да жақсы жетістіктерімен қуантады деген сенімдеміз.

Ш.БАТОВ





АУЫР АТЛЕТИКА

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖАҚСЫ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТТІ

Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында ауыр атлетикадан жас жеткіншектер мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты аяқталды, деп хабарлайды Zakon.kz. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасының нәтижесі төменде көрсетілген.





Жас жеткіншектер арасында Снежана Кашкарова (57 келіге дейін), Ксения Прозорова (61 келіге дейін), Бейбарыс Ерсейіт (65 келіге дейін), Нұржан Жұмабай (95 келіге дейін) алтын медаль жеңіп алды. Төрехан Асанхан (70 келіге дейін) күміс медальға ие болды. Ал Нұрсыйла Берікбол (57 келіге дейін), Софья Шешукова (77 келіден жоғары) үшінші орын алды.

Жасөспірімдер арасында Снежана Кашкарова (57 келіге дейін), Аянат Жұмағали (77 келіге дейін), Ақжол Құрманбек (85 келіге дейін) алтыннан алқа тақты. Софья Шешукова (86 келіден жоғары) күміс жүлдегер атанды.Ал Бейбарыс Ерсейіт (65 келіге дейін), Ерасыл Сәулебеков (85 келіге дейін), Әлихан Әскербай (95 келіге дейін) қола медальға ие болды.

Осы біріншілікте жетісулық зілтеміршілер жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, ортақ табысқа өлшеусіз үлес қосты. Өткен жолы Снежана Кашкарованың жарқын жеңісі жайлы хабарлаған болатынбыз. Енді сарқандық қос сақлақтың табысы жайлы тоқтала кетсек. Атап айтсақ, білікті де білімді бапкер Нұрболат Жаманқыз баулып жүрген Сарқан өңірінің түлектері Ақжол Құрманбек пен Әлихан Әскербай кезекті мәрте өздерінің шеберлігін танытты. 85 келі салмақ дәрежесінде сыңға түскен Ақжол Құрманбек жұлқа көтеруде 160 келіні бағындырып, серпе көтеруде 198 келіні ырқына көндіріп, қоссайыс қорытындысында 358 келі жинап, Азия чемпионы атанып қана қоймай, Азияның жаңа екі рекордын орнатты. Ал Әлихан Әскербай 95 келі салмақта бірінші рет сыңға түсіп отырғанына қарамастан өзінің алты мүмкіндігін де сәтті пайдаланып, жұлқа көтеруде 163 келі салмақты еңсеріп, кіші күміс медальға ие болса, серпе көтеруде 198 келіні еңсеріп, кіші қола медальға ие болды. Сөйтіп қоссайыс қорытындысында 361 келі салмақты игерген Әлихан жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖАЙДАРМАН

ЖӘНІБЕК ХАМЗА ШИРАЗБЕН WBO ТИТУЛЫН САРАПҚА САЛАДЫ

Қазақстандық боксшы Жәнібек Әлімханұлы WBO нұсқасы бойынша екінші орта салмақтағы әлем чемпионы атағына ресми түрде міндетті үміткер болып бекітілді, деп хабарлайды 1bol.kz.



Бүкіләлемдік бокс ұйымы (WBO) бұл мәртебені қазақстандық боксшыға беріп, даниялық Якоб Банктың осындай талаппен жасаған өтінішін қабылдамады.

Әлімханұлының бұрын WBO және IBF нұсқалары бойынша орта салмақта әлем чемпионы болғаны шешуші факторлардың бірі болды. Жетісу өңірінің тумасы орта салмақта чемпиондық белбеулерін бес рет қорғаған. WBO ережесіне сәйкес, бұрын әлем чемпионы атанған және титулын сәтті қорғаған боксшылардың жаңа салмақ дәрежесіне ауысқан кезде басымдығы бар.

Енді Жәнібек Әлімханұлы екінші орта салмақтағы WBO чемпионы, британиялық Хамза Ширазбен чемпиондық жекпе-жек өткізуге тиіс.

WBO екі боксшының өкілдеріне келіссөздерді дереу бастауды тапсырды. Тараптарға келісімге келу үшін 20 күн берілген. Егер осы уақыт ішінде жекпе-жектің шарттары бойынша ортақ мәмілеге қол жеткізілмесе, тамыз айының соңында титулдық айқасты өткізу құқығына промоутерлік сауда ұйымдастырылады.

ВЕЛОТРЕК

КЕЗЕКТІ ТАБЫСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Астанада «Сарыарқа» велотрегінде тамыздың 17-сі мен 22 аралығында велоспорттан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтіп жатыр. Медальдар қарқынды және спринттік түрлері бойынша сарапқа салынуда. Сондай-ақ аталған жарыста жасөспірімдер арасында бәсекелер қоса өтіп жатыр. Сүйсінерлігі сол, біздің жетісулық бойжеткендер 4 шақырымдық командалық жарыста жақсы жетістікке жетіп, жүлде тұғырының екінші сатысына көтерілді.



Жұдырықтай жұмылып, «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» барын салып, желмен жарысқан төрт қыздың ішінде біздің спортшымыз «Ж.Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушысы Айгерім Смайылқанованың болғанын мақтан тұтамыз және оны кезекті табысымен құттықтаймыз.

Айман СЕРІККҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері

САТИРА



ҚАЙТА ОРАЛҒАН ШАПАН

Басқасын қатырмасақ та, той жасаудан біздің қазақ дүниежүзінде бірінші орынды алады. «Айдағаны бес ешкі болса да, ысқырығы жер жаратындар» көбейіп, 30 жылдығын немесе 40 жылдығын тойлайтындар жаңбырдан кейін шыққан саңырауқұлақша қаптап кетті. Үйлену тойын айтпай-ақ қояйық, жақында біреулер ажырасу тойын дүркіретіп өткізді.

Біздің бала кезімізде сүндет той, шілдехана тойы отбасы-ошақ қасында өтуші еді, бүгінде біздің ағайындар аталып өткен қуанышқа ең кем дегенде 500 адам шақырып, қымбат-қымбат мейрамханаларда тойлап жатыр. Жағдайы келе ме, келмей ме, оған қарап жатқан қазекендер жоқ. Көзіміз соқыр емес, кредит алып той жасағандарды да көріп жүрміз. Басқа жақта қалай екенін білмеймін, біздің Оңтүстік өңірінде бір аптаның ішінде ең құрығанда бес рет той өтеді десем, өтірік айтқандық болмас. Жалған айтсам, жалпиған мұрнымды кесіп берейін. Жұмысқа бармауымыз ғажап емес, ал тойға барымызды сылқитып киіп, конвертімізді қалтаға салып, шапанымызды арқалап, міндетті түрде барамыз. Өйткені бірі – туыс, енді бірі – құда-жекжат, енді бір тобы құрдас, дос болып келеді. Бармай көр, өкпесі қара қазандай болып, амандаспай кетеді.

Өздеріңіз де тойға жиі-жиі барасыздар, көріп жүрсіздер, соңғы кезде қазіргі әкімдердің есеп беру жиналысына айналып бара жатқан тәрізді. Әсіресе үйлену тойларындағы шаңырақ көтерген жастарға тіпті обал. Енді үйленіп, ыстық-суығы әлі басыла қоймаған жас жұбайларды тік тұрғызып қойып, қызыл сөзді көсілте жөнелгенде, бір-бірімізден асамыз. Кейбіреулер үйлену тойы екенін ұмытып кетіп, патша заманында болыс болған ата-бабалары, үлкен қызметте жүрген балалары жайында айтып лағып кетеді.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын облыс бойынша түкірсе, түкірігі жерге түспейтін бір туысымның 60 жылдығы болып, батаны да, алғашқы сөзді де маған берді. Мұндайда көрініп қалу керек, аянған жоқпын, армансыз көсілдім. Туысқанымды асқар тауға, шалқар көлге, жарық сыйлаған күнге, елім деп еңіреген ерге, өсіп-өніп, аспанға бой созған бәйтерекке теңедім. Елі, халқы үшін туған бауырымдай нағыз азамат 100 жылда бір-ақ рет туады деп сөзімді аяқтағанымда, өз өтірігіме өзім сеніп, көңілім босап кетті… Жамбыл ақынның өзі таба алмаған теңеуге Төкен туысым қалай шыдасын, мені қайта-қайта құшақтап, сан-миллиондаған теңгенің тендірін ұтып алғандай қолымды қайта-қайта қысып, үстіме құндыз бөрікті қымбат шапан жапты.

Көп ұзамай-ақ менің жетпіс жылдығым болып, кредит алмасам да, жиған-тергенімді шашып, төрт жүз адам шақырып, дос сүйсінетіндей, дұшпанның іші күйетіндей дүркіретіп той жасадым. Менен бес жас үлкендігі бар Досан деген туысқаным бата берді. Батасының соңы ұзын-сонар тілекке айналып, мақтауымның түбін түсірді. Өзімді-өзім қалай бағаламай жүр екенмін: мына дүниеде менен асқан талантты, данышпан, досы десе астындағы жалғыз атын сыйлайтын, кішіге қамқор, үлкенге құрмет көрсететін, қызметіне, дардай атағына қарамай кішіпейіл, қарапайым адам болып шықтым. Екінің біріне бұйыра бермейтін үлкен мақтауға қалай шыдаймын. Досан көкемді қайта-қайта құшақтап, жалпақ бетінен Брежнев жарықтық сияқты былш-былш етіп сүйіп, 60-қа толған тойында Төкен туысым сыйлаған құндыз бөрік пен құндыз жағалы қымбат шапан кигіздім.

Жақында ғана айды аузымен білейтін бір мықты құдамның 70 жылдығы болып, тойдың орта тұсында маған сөз берді. Обалы не керек, құдамның қолы ашық, анда-санда шайға шақырып тұрады. Өткен жылы Сарыағашқа курортқа кетіп бара жатқанымда «Құда, жақсы демалып, денсаулығыңызды нығайтып, аттай шауып кетіңіз» деп қалыңдау конверт ұсынғанын қалай ұмытайын.

Құдамды тілім жеткенше жарты сағатқа жуық майын тамызып мақтадым. Құдекең негізінде сенгіш, аққөңіл адам. Көңілі кәдімгідей босап, үстіме қымбат шапан жауып жатты…

Тойдан кеш қайтып, құдам сыйлаған шапанды шкафқа іліп жатқанда, көзіме біртүрлі таныс болып көрінді.


– Айғаным, бері келші, – дедім ас үйде жүрген жұбайыма айқайлап. – Сағаған бір қызық көрсетейін. Досан көкемнің 75 жасқа толған тойын дүркіретіп өткізгенімді ұмытпаған боларсың. Мына шапан мен сыйлаған шапан емес пе?

Кемпірім көзілдірігін киіп, ұзақ қарады.

– Дәркештің папасы, жаңылмаған екенсің. Иә, сол шапан. Этикеткасына «Қ.Қ» деген белгі жазғаның есінде болар? – деді кемпірім күліп. – Қайтып келген малда береке көп деген. Оған басыңды қатырып қайтесің. Астанадағы бірге оқыған Бәдуан досың 75 жасқа толып, тойына шақырып жатыр. Бұл шапанды соған сыйлармыз. Шапанымды Бәдуан досыма беретін болдым деп қапа болып тұрсың ба, отағасы? Енді төрт жылдан кейін 80 жасқа толатыныңды ұмытпағайсың. Амандық болса, шапаның сонда қайта оралар өзіңе. Құдай қаласа, кредит алсақ та тойыңды дүркіретіп өткіземіз. Ұлың мен қызың әкемізге өтірік болса да көлік сыйлайық деп отыр. Олары дұрыс! Менің шалымның анау-мынау емес екенін жұрт біліп жүрсін. Жүр, шай ішейік.

Тойдағы шай бір бөлек те, елу жыл отасқан кемпірімнің дайындаған қызыл күрең шайы бір бөлек. Қайтып келген шапанға бір қарап, ас үйге бет алдым.

qazaqadebieti.kz сайтынан алынды



КӨҢІЛ АЙТУ

«Алатау» газетінің ұжымы әріптесіміз Құралай Мусанованың **аяулы әпкесінің** дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Қайғылы қазаға байланысты әріптесімізге және оның туған-туыстарына сабыр тілейміз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын.

Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 767

Индекс 15534